4 Ресейдегі қазақ диаспорасы қалай қалыптасты?

8 Құстар, құстар сызылтып ән салады...

30 наурыз, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№ 48-49 (20722-20723)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын Қытайдың Хайнань провинциясында өтетін Боао Азия форумының (БАФ) пленарлық сессиясының ашылу рәсіміне қатысты. Биылғы 23-ші форум «Азия және әлем: ортақ сын-қатерлер, ортақ жауапкершілік» деген тақырыпта өтті.

Қазақстан Президенті аталған форумда құрметті қонақ ретінде сөз сөйледі. Жиын қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, құбылмалы геосаяси ахуал мен экономикалық қиыншылықтың салдарынан туындаған жаһандық тұрақсыздық жағдайында бұл платформа диалог пен халықаралық ынтымақтастық орталығы ретінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Осы онжылдықтың ортасына қарай жаһандық жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны соңғы 30 жылда ең төменгі деңгейге түсетіні айқындала бастады. Сонымен қатар жетекші елдер арасындағы сауда қатынастарының шиеленісуі – әлі де әлемдік экономиканың алдында тұрған негізгі сынқатерлердің бірі. Протекционизм саясаты мен сауда дауларының ушығуы жаһандық жеткізу тізбегін бұзып, экономикалық өсімді тежейді, сондай-ақ инвесторлардың сеніміне селкеу түсіреді. Жаһандық экономикаға дамудың жаңа парадигмасы керек екені анық. Бұл мәселені шеше алмасақ, таяу онжылдықтағы мүмкіндіктер қолымыздан сусып кетуі әбден ықтимал, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы орнықты дамудың жаңа дәуіріне қадам басар тұста Азия елдері көш бастап тұрғанына назар аударды.

– Биыл Азия елдері әлемдік жалпы ішкі өнімнің 60 пайыз өсіміне қол жеткізеді деген болжам жасалып отыр. Дүниежүзілік сауданың 53 пайызы осы құрлықтың үлесіне тиесілі. Мұнда әлемнің ірі және қарқынды дамып келе жатқан экономикалары орналасқан. Соңғы жылдары Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі едәуір ұлғайды. Сондай-ақ бұл аймақта патенттік әзірлемелердің 70 пайызына иелік ететін әлемнің жетекші технологиялық орталықтары бар. Құрлық айтарлықтай адами ресурсқа ие. Әлемдегі ірі 30 қаланың 21-і Азия құрлығында орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың тұтыну көлемінің өсімі 30 триллион доллар болмақ. Болжам бойынша оның 1 триллион доллары ғана батыс экономикасына тиесілі. Осы факторлардың барлығы мұның «Азия ренессансы» екенін көрсетеді, – деді Президент.

Сонымен қатар алдағы жылдары жаһандық өсім мен дамуды ынталандыру ісін жалғастыру үшін Азия өңірінің мол әлеуеті бар екенін, Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы тиімді серіктестіктің үлгісі саналатынын атап өтті. Еліміздің жаңа экономикалық бағытына айрықша назар аударды.

– Былтыр еліміздің экономикалық өсімі 5,1 пайызды құрады. Бұл әлемдік экономиканың болжамды даму қарқынынан шамамен екі есе көп. Біз ортамерзімді перспективада экономиканың өсімін кемінде 6 пайыз деңгейінде ұстап тұруды және 2029 жылға қарай оның көлемін екі есе ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мен жаңа экономикалық бағытты жарияладым. Бұл бастама күшті әрі қарқынды дамыған мемлекет құруға бағытталған құрылымдық реформаларды жүзеге асыруды көздейді. Қазақстандағы ашық есік саясаты, мол ресурстар және либералды нарықтық реформалар көптеген шетелдік, соның ішінде қытайлық компаниялардың да назарын аударды. Осы орайда біз азиялық серіктестерімізді экономикамызға инвестиция құюға, өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қарастыруға шақырамыз, – деді Президент.

2-бет

СЕССИЯ

ҚАРЖЫНЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ МАҢЫЗДЫ

Кеше облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, депутаттар және басқарма басшылары қатысты. Күн тәртібінде 11 мәселе қаралды. Депутаттар тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, оған нақты жауап берілді.

Сессияда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев хабарлама жасады.

– Мемлекет басшысы мен Үкімет Сыр өңіріне ерекше қолдау көрсетіп келеді. Осының арқасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталуда. Экономиканың барлық негізгі салаларында өсім бар. Жыл басынан бері 2 ай қатарынан еліміздің өңірлері арасында көшбасшы позициясында тұрмыз. Өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан өнеркәсіп өндірісінде кейінгі 10 жылда төмендеу тенденциясы байқалды. Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамика қалыптасып, ол өнім өндеу өнеркәсібі есебінен көрініс берді. Өсу қарқыны бойынша 2022 жылы 11-орында болсақ, 2023 жылы 1-орыннан көріндік. Экономикалық тұрақтылықты сақтау оңай жұмыс емес. Бұл қарқынды одан әрі сақтап қалу үшін жүйелі жұмыс атқаратын боламыз, – деді облыс әкімі.

Бюджет қаржысын тиімді жоспарлау – өңір дамуының маңызды бағыты. Облыс бюджетінің басым бөлігін субвенция құрайды. Соған қарамастан жыл сайын өз кірістерінің оң динамикасы қалыптасуда. Өткен жылдың қорытындысымен жергілікті бюджет жоспары артығымен орындалды. Осындай оңды жағдай облыстық бюджет жоспарында да бар.

2-бет

СЕМИНАР

ИНВЕСТИЦИЯ ЭКОНОМИКАНЫ АЛҒА СҮЙРЕЙДІ

Қызылорда облысы – ел дамуы мен ұлттық экономиканың өрістеуіне елеулі үлес қосатын, әлеуеті зор өңір. Бүгінде ҚР Үкіметінің өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында облыс халқының өмір сүру сапасын жақсартуға және өңдеу саласының өндіріс көлемін ұлғайту арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған бірқатар жобаларды іске асыру көзделген. Биыл бөлінген қаражат аясында жаңа мектептер мен көппәтерлі үйлер салу, жолдарды жаңғырту және жөндеу, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамыту жоспарланған. Соның ішінде өңір экономикасына инвестиция тарту жұмыстарын жетілдіру, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша бірқатар жоба іске асырылмақ.

Өңірлік семинардың айқын мақсаты

Жуырда Қызылордада ҚР даму институттары өкілдерінің қатысуымен инвестиция тарту, өнеркәсіпті дамыту және экспортты ілгерілету бойынша мемлекеттік қолдау шаралары туралы өңірлік семинар-тренинг өтті. Оған жергілікті атқарушы органдар, өңірлік даму институттары және бизнес-қауымдастық өкілдерімен өзара тығыз байланыстар орнату мақсатында «Kazakh Invest» ҰК», «Бәйтерек» ҰБК», «Қазақстанның даму банкі», «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Kazakh Export» ЭСК», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» және «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамдарының өкілдері, қала және аудан әкімдерінің жауапты орынбасарлары, қаржы ұйымдары және банк басшылары, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ-ның Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары бойынша өңірлік директорлары мен аймақ кәсіпкерлері қатысқан болатын. Басты мақсат – бизнес өкілдеріне қолдау көрсету, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларын насихаттап, түсіндіру.

3-бет

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

КИБЕРШАБУЫЛ: Құқық пен қауіпсіздіктегі бір кетік

Фото: Ашық дереккөзден

Айтарға жай көрінгенімен, құқықтық сауаттылық – мәні өте тереңде жатқан түсінік. Оған әр жеке тұлғадан бастап, тұтас мемлекеттік жүйе тиянақты қарамаса, зардабы орасан болуы мүмкін. Мұны тарқату үшін құқықтық сауаттылық пен ақпараттық қауіпсіздікті егіз ұғым ретінде сараптаған жөн. Аталған салада еліміз қандай жетістіктерге жетті, қандай олқылықтарға жол берді? Бірнеше дәйек пен дәлелге көз жүгіртіп көрейік.

3-бет

Валюта бағамы $ 446,78 kzt € 481,81 kzt ₽ 4,84 kzt

Ауа райы +2⁰ +6⁰ 0⁰ +4⁰

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Қасым-Жомарт Тоқаев фискальды және ақша-несие жүйесін жетілдіру, қаржы ағындарын кеңейту, институттардың сапасын арттыру шаралары нарықтық және бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға ықпал етеді, соның нәтижесінде аталған сала анағұрлым ашық, сенімді әрі қарқынды бола түседі деп санайды.

Алайда, Президенттің пікірінше, бұл мақсаттарға қол жеткізіп, қазіргі жаһандық сынқатерлерге төтеп беру үшін күш біріктірген жөн. Осы орайда бірқатар өзекті міндетті айқындап берді. Оларды іске асыру үшін бүкіләлемдік қоғамдастық күш жұмылдыруы қажет.

Бұдан бөлек, Президент әлемдік қаржы жүйесіне де жаңа тәсілдер қолдану керек деп санайды. Қаржы жүйесінде тек таңдаулылар ғана пайдаға кенелмей, барлық елге тең мүмкіндік берілуге тиіс екенін айтты. Сондай-ақ халықаралық қоғамдастықты орнықты қаржыландыру саласында барынша пәрменді шаралар қабылдауға шақырды.

– Нарықтық капитализациясы орасан зор Азиядағы алып облигациялар нарығы көптеген даму жобаларына қолдау көрсететін әлеуетке ие. Еуразиялық даму банкі жаңа қаржылық инвестициялық құрал ретінде панда-бондтардың бірінші легін шығаруды жоспарлап отыр. Бұл жаһандық инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру үшін аса маңызды болуы мүмкін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты ахуалға тоқталды.

– Дүниежүзі тұрғындарының шамамен үштен бір бөлігі әлі де азық-түлік тапшылығын сезініп отыр. Орталық Азияда бидай өндіру бойынша жетекші ел саналатын Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін жаһандық азық-түлік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдалануға ниетті. Біз мақсатты бағдарламалар жасау, бірлескен агроинновациялық орталықтар құру және инновациялық технологиялар трансферті арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тиіспіз. Ол үшін күш жұмылдыруымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Азия елдері арасындағы көлік-транзит ынтымақтастығын нығайтудың стратегиялық мәні зор екеніне назар аударды.

– Қолданыстағы және жаңа көлік бағыттарын дамыту үшін барынша күш-жігер жұмсау аса маңызды. Транскаспий халықаралық көлік бағыты немесе «Орта дәліз» осы санатқа жатады. Аталған көлік бағдары Азия мен Еуропа арасындағы жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін әлдеқайда тиімді қамтамасыз етеді. Былтыр осы бағыттағы жүк тасымалы екі есе артып, 3 миллион тоннаға жетті. Алдағы жылдары бұл көрсеткіш 10 миллион тоннаға жетеді деген болжам жасап отырмыз. Сондай-ақ Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамытуда көрші елдермен ынтымақтастық орнатуға дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент жаһандық экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету үшін технологиялық ынтымақтастықты, әсіресе, жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықты нығайту маңызды деп санайды. Бұл орайда Қытайдың «Жасанды интеллектіні басқару жөніндегі жаһандық бастамасын» қолдады.

Сондай-ақ Қазақстан бірлескен инновациялық IT жобаларды жүзеге асыру мақсатында Азияның жетекші технологиялық алпауыттарымен серіктестік орнатуға мүдделі екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, шикізаттың аса маңызды түрлерін өндіру ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты саналады.

– Сирек кездесетін металдар көптеген технология үшін аса маңызды компонентке айналды. Олар өнеркәсіп, цифрлық технологиялар, ғарыш және қорғаныс сияқты стратегиялық салаларда мүлдем қалдық болмайтын деңгейге жету үшін қажет. Біз уран, литий, титан және басқа да сирек кездесетін элементтердің ірі кен орындарын игерудің ең тиімді тәсілдерін қолдану мақсатында халықаралық серіктестермен бірлесе жұмыс істеуді жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Азия өзінің экономикалық, технологиялық және мәдени артықшылықтарын пайдалану арқылы әлемнің келешек даму бағытын айқындауда шешуші рөл атқара алатынына сенім білдірді. Бұл ретте Боао Азия форумы және Астана халықаралық форумы (AIF) сияқты маңызды халықаралық диалог алаңдарының практикалық перспективасы зор екенін атап өтті. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев БАФ қонақтарын 2024 жылдың маусым айында өтетін Астана халықаралық форумына шақырды.

Мемлекет басшысы БҰҰ-ның 8-ші Бас хатшысы, Боао Азия форумының төрағасы, Жаһандық жасыл даму институты (GGGI) Ассамблеясының Президенті Пан Ги Мунмен, Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бас хатшысы Матиас Корманнмен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Минмен, State Power Investment Corporation (SPIC) компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Лю Миншэнмен, Sany Group Co. Ltd Директорлар кеңесінің төрағасы Сян Вэньбомен кездесу өткізді.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдауына келушілер тұрғын үй, емделуге қаржылай көмек алу, жұмысқа орналасу және кәсіп ашу мәселелерін қозғады.

Келушілердің ұсыныс-пікірі, өтініші, сауалдары әрдайым мамандар сарабынан, талқысынан өтеді. Әрқайсының себеп-салдары жіті зерттеліп, шешімі заң аясында қарастырылады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде береді. Осылайша қабылдауға жазылған азаматтың көтерген мәселесінің шешілу жолы көрсетіледі.

Бүгінгі қабылдауға жол апаты салдарынан мүгедектікке тап болған 30 жастағы қала тұрғыны мен сырқаты бар баласының отасына көмек сұрап келген азаматшаның өтініштері зерттеліп, қаржыландыру тетіктері қарастырылмақ. Кәсібін жүргізуге ақшалай және заңдық тұрғыда қолдау сұраған азаматтарға да заң талаптарына сәйкес келген жағдайда көмек көрсетілетіні түсіндірілді.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп, жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚАРЖЫНЫ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАУ МАҢЫЗДЫ

– Аймақтың салықтық әлеуетіне жүргізілген талдау бойынша жергілікті бюджет түсімінің негізгі үлесі ірі кәсіпорындар мен бюджеттік мекемелерден тиесілі екені анықталды. Оның басым көпшілігі – әлеуметтік, жеке табыс, мүлік салықтары. Салық базасын одан әрі ұлғайтудың қосымша резервін қарастырудамыз, бұл жөнінде арнайы мәжіліс өткізілді. Барлық деңгейдегі әкімдерге, жергілікті атқарушы, кірістер, полиция органдарына салық базасын ұлғайту бойынша нақты міндеттер жүктелді.

Бүгін сіздердің назарларыңызға 2024 жылға арналған облыстық бюджет кезекті нақтылауға ұсынылуда. Облыс үшін маңызды саналатын бірінші кезектегі мәселелерді қаржыландыруға назар аударылуда. Әкімдердің халықпен кездесуінде тұрғындар тарапынан облыстық және аудандық денсаулық сақтау ұйымдарын санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету мәселесі жиі көтеріледі. Тұрғындардың сұранысына сәйкес былтыр облыстық бюджеттен денсаулық сақтау ұйымдарына 25 санитарлық автокөлік сатып алынды. Олардың жалпы құны – 512,5 млн теңге. Дегенмен, медициналық ұйымдардағы көліктердің 68,4 пайызының тозығы жеткен. Сондықтан жаңа санитарлық автокөліктермен қамтамасыз етуге мән берілді. Автокөлік паркін жаңарту үшін 200 санитарлық автокөлікті лизинг арқылы сатып алудың бастапқы жұмысына 100 млн теңге бағытталды.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Үкіметке төрт ауқымды инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. Олардың қатарында жұмыс істеп тұрған жылу орталықтарын жөндеу, инженерлік жүйелерді жаңғырту секілді өзекті мәселелер бар. Тозығы жеткен жылу желілерін азайтуға баса назар аударылуда. Осы ретте жаңғырту жобаларына жоба-сметалық құжаттама әзірлеуге, мемлекеттік сараптамадан өткізуге 122,5 млн теңге қаралуда. Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 МВт болатын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ жылу желісін және қазандықтарын жаңғыртуға бағытталған республикалық бюджеттен қаржысы бөлінген 6 жобаны қоса қаржыландыруға 1,1 млрд теңге жоспарлануда, – деді облыс әкімі.

Облыс орталығындағы Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелін салу – қала тұрғындары үшін маңызды. Жоба жүзеге асқанда теміржолдың арғы бетіндегі «Шанхай», «Коммунизм», «Гагарин» шағын аудандарынан қаланың орталығына қауіпсіз көлік қатынасы реттеледі. Аталған жобаны қоса қаржыландыруға 475,6 млн теңге бағытталуда.

– Сондай-ақ автомобиль жолдарын салу, қайта жаңғырту, көпір өткелдерін салу жобаларын қаржыландыруға 3 млрд теңге бөлінуде. Жақында ғана Үкіметте тұрмыстық қалдықтарды басқару мәселелері қаралып, біздің облыстың оң тәжірибесін басқа өңірлерге тарату бойынша нақты тапсырмалар берілді. Қазір облыста бұл бағыттағы 8 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Облыс орталығын санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша халыққа қызмет көрсету жұмыстарына 1,3 млрд теңге бағытталуда, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев өткен жылғы атқарылған жұмыстар мен алдағы жобалар жөнінде есеп берді. Оның айтуынша, былтыр құрылыс

жұмыстарының көлемі 183,4 млрд теңгеге жетті, алдыңғы жылмен салыстырғанда 140,4 пайызды құрап отыр. Басқарманың тікелей тапсырысымен 59 нысанның құрылысы жүргізіліп, оның 30-ы пайдалануға берілді.

Былтыр білім саласында құрылысы жүргізілген 36 нысанның 8-і ел игілігіне айналды. Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салу жоспарланып отыр. Олардың жалпы құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 білім ошағының құрылысы басталды. Сондай-ақ облыс орталығында физика-математика бағытындағы мектеп құрылысы бой көтеріп келеді. Оқу ошағында 400 өрен білім алады. «Білімді қолдау қорының» қаржыландыруымен іргетасы қаланған білім ұясында 300 балаға арналған мектеп-интернат болады. Оған қоса облыс орталығында «Оқушылар сарайы» және музыкалық колледж ғимаратының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов.

Елімізде жүзеге асып жатқан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде 27 медициналық нысан салынады. Былтыр 16 емдеу орны елдің игілігіне айналып үлгерсе, қалғаны биыл пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бір ауысымда 300 науқас қабылдай алатын көпбейінді ауруханада емхана мен онкологиялық бөлімше халыққа қызмет көрсетеді. Ал «Қан орталығы» биыл іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Айта кетсек, мәдениет саласы бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазірге дейін «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы», 4 ауылдық клуб пайдалануға берілді. Облыстың барлық ауданында «Руханият орталығы» бой көтереді. Онда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері, тарихи-мәдени, рухани ұйымдар орналасады.

Бүгінде Қызылорда қаласының сол жағалауында жергілікті жанкүйерлер асыға күтіп жүрген 7 мың адамға арналған Орталық стадион, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталып кетті.

Сондай-ақ «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында облыста әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 15,5 млрд теңгеге 1302 пәтер сатып алынды. Бұл көрсеткіш бойынша өңір Астана мен Алматы қалаларынан кейінгі үшінші орында. Былтыр облыста 4108 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Нәтижесінде халыққа 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам адамның баспана мәселесі шешілді.

Сессия барысында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мүбәраков, облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сермағамбетов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев, облыстық мәслихат депутаты Балжан Шәменова, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов баяндама жасады. Депутаттар тарапынан көтерілген мәселелер мен қойылған сауалдарға нақты жауап берілді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

1-бет

ИНВЕСТИЦИЯ ЭКОНОМИКАНЫ АЛҒА СҮЙРЕЙДІ

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев өңір экономикасының бүгінгі әлеуетін баяндады. Оның айтуынша, Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау шаралары нәтижесінде облыстың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде оң динамика бар. Облыстың өнеркәсіп өндірісі, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салаларында өсім тіркелген, құрылыс жұмыстары, тұрғын үй, сауда, көлік және қоймалау көлемі артқан. Мұнай қорының сарқылуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісінің көлемі де өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң көрсеткішке жеткен. Қуанарлық жайт, өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны бойынша облыс 2022 жылы республикада 11-орында болса, 2023 жылы 1-орынға шықты.



Коллаж Б.Салмырза

МЕЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТТІ

Былтыр облысқа барлық көздерден жарты триллионға жуық инвестиция тартылған. Тарқатып айтсақ, негізгі бекітілген индикатор 424,2 млрд теңге болса, 2023 жылы 486,5 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспарлы көрсеткіш 14,6%-ға асыра орындалған. Бұл ретте жоспарлы индикаторға қол жеткізу мақсатында арнайы жол картасы бекітіліп, онда жауаптылар мен жобалардың тізбесі айқындалған. Нәтижесінде өнеркәсіп саласына, жеке құрылысқа, көлік саласына, білім беруге, ауыл шаруашылығына, денсаулық сақтау саласына қаржы тартылды. Оның 72,5 пайызы – жеке инвестициялар.

Өткен жылы түрік инвесторларымен бірлесіп құны 215 млрд теңге болатын жаңа жылу орталығының құрылысы басталса, жергілікті инвестордың қатысуымен құны 15 млрд теңге болатын «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы бой көтерді. Сондай-ақ екі ірі инвестициялық жоба – «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнын және «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру жобаларына инвестиция тартылған. Инвестициялық жобалардың бірыңғай жалпыұлттық пулы шеңберінде құны 14,8 млрд теңге болатын 15 жоба – қарқынды алма бағы, күріш өңдеу зауыттары, мұздатылған фри өндірісі, құс фабрикасы, тауарлы-сүт фермасы, санаторий, жеке мектептер пайдалануға берілді.

– Кейінгі 2 жыл қатарынан өңірде негізгі капиталға салынған инвестициялар көрсеткіші оң динамиканы қалыптастыруда. Бұл тәжірибені жалғастыратын боламыз. Сондықтан инвестиция тарту жұмыстарын күшейтеміз. Біріншіден, негізгі капиталға салынған инвестиция индикаторын бекіту. Биылға 517,5 млрд теңге инвестиция тарту индикаторы бекітілген. Осы жылдың 2 айында өңірге 77,5 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 64,4% құрады. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес бұл көрсеткішті кем дегенде 10 пайызға арттыруға жұмыс жасауымыз қажет. Екіншіден, іске қосылатын жобалар бойынша арнайы Жол картасын бекіту. Алдағы бесжылдықта өңірде құны 1,1 трлн теңгені құрайтын 76 жоба іске қосылады. Оның ішінде биыл құны 34,9 млрд теңге болатын 16 жобаны іске қосу жоспарланды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Биыл маусым айында шыны зауыты жанынан құны 6,7 млрд теңге энергия үнемдейтін шыны өндіретін жаңа желіні пайдалануға беру күтілуде. Сонымен қатар, жүгері егу және өңдеу, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ, минералды ұнтақ, әк пен құрғақ құрылыс қоспаларын шығару жобалары пайдалануға беріледі. Оған қоса құны 1,5 млрд теңге құрайтын айна шығару, Шиелі ауданында үш күн электр станциясының құрылысын бастау жоспарлануда. Сондай-ақ «Medal Group» неміс компаниясы талшықты цемент, газдалған бетон, құрғақ құрылыс қоспалары мен кварц құмын байыту комбинатын, сондай-ақ қолданыстағы шыныны өңдеп бөтелке өндіру бойынша жобалық жұмыстарды бастауды жоспарлауда.

Аймақта қолға алынатын жобалар легі мұнымен толастамайды. Жыл басында Мемлекет басшысы Катарға ресми сапармен барғаны белгілі. Соның нәтижесінде ҚР Энергетика министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және Power International Holding арасындағы келісім шеңберінде өңірде қуаттылығы 1100 МВт бу-газ қондырғысы салынатын болады. Бу-газ қондырғысын орналастыру үшін Қызылорда қаласынан 50 гектар, ілеспе кәсіпорындар үшін Сырдария ауданынан 250 гектар жер резервке қойылған. Жоба құны 800 млрд теңгені құрайды. Бұл инвестициялар Қызылорда облысының экономикасына 2025 жылдан келе бастайды.

– Шетел инвестициясын тарту мақсатында «Kazakh Invest» АҚ-мен бірлесіп агроөнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, жаңартылатын энергия көздері салаларындағы 79 шетелдік компанияға ұсыныстар жолданды. Одан бөлек, облыс аумағында орналастыруға әлеуеті жоғары 30-дан аса компанияның тізбесі жасақталып, келіссөздер жүргізілуде. Сонымен қатар барлық инвестициялық процесс цифрландырылады. Бұл инвестиция тартудан бастап жобаны пайдалануға беруге дейінгі кезеңді нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Инвесторлар туралы ақпарат қолжетімді, инвестициялық жобаларды іске асыру процесі ашық болады, – деді А.Зебешев.

Айта кету керек, инвестиция тарту жүйесінің жұмысын нығайту мақсатында Қызылорда қаласы және аудандар бойынша 8 өңірлік бағдарлама әзірленуде. Оның негізінде 6 критерий бойынша рейтинг жүргізіледі. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі, оны тартуға кедергі болатын факторларды жою, жобалар статусының өзгеруі, яғни пысықталу сатысынан іске асыру сатысына көшу, шетелдермен қарым-қатынас орнату, компанияларды таргеттеу және т.б. Нәтижесінде инвестициялық жобаларды іріктеу және сүйемелдеу, сондай-ақ белсенді инвесторларды анықтау бойынша жұмыс жүргізілмек. Оған қоса «жасыл дәліз» принципі бойынша жобаларды сүйемелдеу бағдарламасы да қолға алынады. Бұл бағдарлама бойынша «жасыл дәлізге» қатысушыларға рұқсат алу мерзімі мен мемлекеттік органдардың келісу саны қысқартылып, жер беру және коммуникация жүргізу шарттары жеңілдетіледі.

ИНВЕСТОРЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚ

Экономиканың ілгері басуының басты алғышарттарының бірі инвестиция екені дәлелдеуді қажет етпейді. Қай елдің болмасын даму қарқыны инвестиция ағынымен, бизнестің дамуына қолайлы жағдайдың жасалуымен айқындалады. Бұл ретте біздің өңір – географиялық орналасуы жағынан инвестиция тартуға қолайлы аймақтың бірі. Айталық, минералдық-шикізат ресурстарының бай қорының болуы. Облыс аумағында мұнай, газ, уран, ванадий, мырыш, тұз, полиметалл кендері, кварц құмы, тұз, доломит, әктас, түсті және қара метал, әсіресе литий мен титан кен орындары бар. Екіншіден, мұнай қорының сарқылуына байланысты өңдеу өнеркәсібі және агроөнеркәсіптік кешен салаларында жаңа жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық зор.

Одан бөлек, балық шаруашылығы саласы да басты назарда. Облыста Кіші Арал теңізі және балық шаруашылығында маңызы бар 200-ден аса көл бар. 10 балық зауыты, оның ішінде еуропалық стандартқа сай 4 зауыт қарқынды жұмыс жасауда. Өткен жылдың қорытындысымен 6,5 мың тоннаға жуық балық өндіріліп, оның 2 мың тоннаға жуығы 9 млн АҚШ долларына көршілес және Еуропа елдеріне экспортталған. Осыған орай, ауыл шаруашылығы және көлік-логистикалық әлеуетті кеңінен пайдаланып, құс фабрикаларын, ет және балық өңдеу зауыттарын, ұн шығару өндірістерін, жылыжайлар ашуды көздейді.

Өңірдің ірі өндіріс орны – шыны зауыты айналасында шыны кластерін құру мақсатында түрлі шыны бұйымдарын шығаратын ілеспе кәсіпорындар құру жоспарлануда.

– Біздің облыстың көптеген салаға инвестиция тартуға мүмкіндігі бар. Соның бірі – дәстүрлі энергия көздерімен қатар жаңартылатын энергия көздерін дамыту. Облыс географиялық орналасуы мен климаттық жағдайына байланысты күн және жел энергиясын өндіруде зор әлеуетке ие. Мамандардың зерттеуінше, облыста жылына 300-ден аса ашық, бұлтсыз күн болады. Аймақ географиялық жағынан да желді белдеуде орналасқан. Күн, жел энергиясын дамыту әлеуеті жоғары, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, облыс аумағында жиынтық қуаты 89 мегаватты құрайтын 9 күн электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі британиялық «UG Energy Ltd», франциялық «Total Eren», ресейлік «Hevel» компанияларының қатысуымен салынған.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Семинарда облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық шағын және орта бизнес өкілдеріне, кәсіпкерлік бастамасы бар азаматтарға көрсетілетін қолдау мәселесін көтерді. Атап айтқанда, «Кәсіпкерлерге және кәсіпкерлік бастамасы бар азаматтарға ақпараттық-кеңес беру», «Кәсіпкерлікті жүргізуге сервистік қолдау көрсету», «Іскерлік байланыстарды кеңейту» қызметтері.

– Өткен жылы 963 кәсіпкерлік субъектісіне 1111, жыл басынан бері 180 кәсіпкерлік субъектісіне 196 қызмет көрсетілген. «Іскерлік байланыстарды кеңейту» бойынша былтыр Қызылорда қаласының 2 кәсіпкері Германияда бизнес-тағылымдамадан өтті. Қазіргі таңда тағылымдамадан өтуге 5 кәсіпкердің өтініштері қабылданған. Сонымен бірге кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар азаматтарға ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету негізінде 2301 азаматқа 8197 кеңес берілді. Кеңесшілердің сүйемелдеуімен 574 млн теңгені құрайтын 382 жоба қаржыландырылды, – деді ол.

Ал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ өңірлік директоры Айдос Жылқайдаров экономиканы әртараптандырудың бірыңғай кешенді бағдарламасына тоқталды.

ҚР даму жоспарының стратегиялық мақсаты – 2030 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 40 пайызға дейін арттыру, экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті, импортты алмастыратын өндірістерді дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру. Бұл бағдарламаға шағын кәсіпкерлік, шағын және орта кәсіпкерлік, өңдеу өнеркәсібіндегі шағын, орта және ірі кәсіпорындар және қызметтер, моно және шағын қалалардағы, ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік, олардың әрқайсысына қойылатын талаптар айтылды.

Семинар барысында «Kazakh Invest» ҰК» АҚ-ның «бір терезе» тобының басшысы Ғазиза Әбдінабиева инвестициялық қызметте мемлекеттік көрсететін қолдауды сөз етсе, компанияның Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары бойынша өңірлік директорлары Ержан Көлбаев, Тілеген Едігеев, Дәурен Сүгірбаев инвестициялық жобаларды сүйемелдеу бойынша тәжірибе алмасты.

Жиын соңында қатысушылар сұрақ-жауап алмасып, өзара пікір білдірді. Сондай-ақ аймақта алдағы уақытта жүзеге асырылуы жоспарланған 17 инвестициялық жоба бойынша облыс, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары мен кәсіпкерлер арасында үшжақты «Жол карталарына» қол қойылды. Бұл өз кезегінде облыстың бизнес ахуалын жақсартуға және инвестициялық белсенділікті арттыруға жаңа серпін бермек.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

1-бет

КИБЕРШАБУЫЛ:
Құқық пен қауіпсіздіктегі бір кетік

БІР АҚПАРАТ – БІР АДАМ

Қазір әлеуметтік желілердің дамыған кезеңі, жастан кәріге дейін қолданады. Десек те онда құқық пен қауіпсіздік мәселесі жатқанын көп адам біле бермесі анық. Сондықтан ғаламторды тиімді пайдалану мәселесі де құқықтық сауаттылықты талап етеді. Көрінген сілтемеге өтіп кету немесе оқып қалған ақпараттың рас-өтірігін ажырата алмау жеке бастың дерегін өзгелер үшін олжаға айналдыруы мүмкін. Президенттің әр Жолдауда құқықтық сауаттылық жайлы айтып, былтыр желтоқсанда толықтырылған «Ақпараттық қауіпсіздік туралы» заңға қол қоюы да бекер емес.

Бұл әңгімелерді неге айттық? Себебі қазір ғаламторды, түрлі бағдарламаларды, әлеуметтік желілерді жөнді қолданбаудың кесірінен ірі мәселелер туындауда. Мысалы, ақпанның басында Американдық GitHub платформасында әлемдегі мыңдаған азаматпен бірге қазақстандықтардың да жеке бас дерегі тарап кеткені анықталды. Деректер базасын қытайлық компания шпиондық қосымшасы арқылы екі жыл бойы жинаған. Шетелдік басылымдар «компанияның азаматтар туралы ақпарат жинауына тікелей Қытай билігі тапсырыс берген» деп жазды. Пекин бұл айыптауларға әлі де жария жауап бермей отыр.

Осыдан кейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының базасындағы қазақстандықтардың дербес деректері тарап кеткені айтылды. Әйткенмен қор өкілдері ақталып, әлекке түскен. Бұл ақпараттарды Қытайдың қоғамдық қауіпсіздік министрлігімен ынтымақтасатын iSoon компаниясы иемденіп, құпия құжаттардың жылыстап кетуіне жол берген. Ақыры файлдар GitHub қызметінде ашық жарияланып кеткен. Шетке шығып кеткен ақпараттарға қарағанда, Қытайда деректерді талдап, сұрыптай отырып, интернеттегі жарияланымдарды бақылау жүйесі жасалған. Қытай билігі үшін қызығушылық туғызатын тақырыптарды талқылауға мүмкіндік беретін Х әлеуметтік желісіндегі посттарды бақылау платформасы құрылған. Талдау жұмыстары ұрланған ақпараттың көлемі терабайтпен өлшенетінін көрсеткен.

2021 жылы 3 миллионнан астам қазақстандықтың дерегі Facebook желісі арқылы ұрланғанын білеміз. Әлеуметтік желідегі парақшаға жеке ақпараттарды бөлісе бермеу керегі, көрінген ойын сілтемелеріне өте берудің зардабы сонда көрінген. Жалпы, ел тарихында дербес деректердің алғашқы рет ауқымды түрде жария болып кетуі 2019 жылы болған. Сол кезде 12 миллионға жуық адамның мәліметі тараған. Онда адамдардың толық аты-жөні мен тұрғылықты жері көрсетілген. Бұдан бөлек, Ресейге қарасты «Яндекс.Еда» сервисі арқылы да қазақстандықтар туралы ақпарат тарады. Міне, кез келген қосымшаны қолданудың қолайсыз екеніне тағы бір дәлел.

Әйткенмен қынжылтатын тұстар да бар. Қанша жерден жасырамын десеңіз де, қазір түрлі Telegram-боттар қазақстандықтардың мекен-жайлары мен басқа да деректерін біледі. Деректер базасын сатудан кейбір боттар күніне бірнеше миллион ақша таба алады.

КЕСІРІ КӨП КЕҢІСТІК

Былтырдан бастап Қазақстан хакерлерді қатаң жазалауға кірісті. Оның аясында сайттарды бұзатын бұзақылар бас бостандығынан айырылатын болды. Еліміз кейінгі екі жылда хакерлердің зардабын қатты сезе бастады. Құзырлы органдар интернет бұғатталып, мемлекеттік сайттардың жұмысы уақытша тоқтап, тіпті, авиарейстердің кешіккенінің себебін интернет бұзақыларымен байланыстырады. Сондықтан кибершабуылдардың аясы адамдардың жеке дерегін ұрлаумен шектелмейді. Ең алдымен біз еліміздің бұрыннан кибершабуылдарға жиі ілігетінін айтқымыз келеді. Шынында, Қазақстанда атышулы кибершабуылдар жөнінде көп айтыла бермейді. Қоғамға бұл тақырып құдды фильмдерде ғана болатын дүние секілді. Дегенмен бізде де киберқылмыстың небір түрі тіркелген. 2016 жылы Алматының екі тұрғыны «Нұрбанктің» қаржылық қоршауын бұзып, 155 миллион теңгені өздеріне аударып алған. Оның алдында, 2015 жылы 6 айдың ішінде 20 адамнан тұратын хакерлік топ коммерциялық және мемлекеттік ұйымдардың шоттарынан 53 миллион теңге ұрлаған. Әдіс қарапайым – хакерлер қолжетімді бағдарламалық өнімдерді сатып алып, өздері жаңартады, содан кейін олар Бас прокуратура, Салық комитеті, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кірістер комитеті атынан өздерінің вирустық хаттарын кәсіпорындардың электронды пошталарына жіберген. Мұндай «мәтін» кәсіпорын өкілдерін сілтемеге өткізбей қоймасы анық. Сол арқылы компьютер дерегі ашылған соң хакерлер ақшаны оңай аударып алады. Қылмыскерлер осы әдіспен қонақүй, кәсіпорындардан бастап, онкологиялық орталықтың қаражатын қолды еткен. Ұсталған хакерлердің бәрінің техникалық білімі бар, арнаулы курстарды аяқтаған, яғни сол жылдары елдегі цифрлық қауіпсіздіктің жайы елеусіз қалғандай көрінген. 2017 жылдың қаңтарында жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың ведомстволарға бағынышты ұйымдардың 20-дан астам ресурсы істен шыққанда үлкен жанжал туындады. Бұл жаңалық көпке ашылмады, өйткені сол оқиғаға дейін мамандар «кибершабуыл сәтті тойтарылды» деп мәлімдеген. Анығы бір нәрсе – бұзылған интернет ресурстардың көпшілігі бір серверде орналасқан, яғни біреуін бұзса, қалғанын ашу қиын болмайды. Кейінірек кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының сарапшылары 323 қазақстандық сайт ауқымды шабуылға ұшырағанын, олардың көпшілігі мемлекеттік органдарға тиесілі екенін нақтылады. Көп өтпей ресурстарды палестиналық хакерлер «жаттығу үшін» бұзғаны айтылды. Ал 5 ақпанда Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі үкіметтік бағдарламаның сайты бұзылды. wto.gov.kz сайтына Солтүстік Африканың Тәуелсіздік қозғалысының арабтарға қарсы ұрандары шығып кетті. Осылай Мароккодағы хакерлер өздерін бір еске түсірді. Жалпы, хакерлердің шабуылына ұшырай беру Қазақстанға ғана тән нәрсе емес. Дүниежүзілік банк киберқылмыскерлердің іс-әрекетінен әлемдік экономиканың жыл сайынғы шығыны 445 миллиард доллар екенін мәлімдеген.

2022 жылы қыркүйекте Қазақстан ауқымды кибершабуылдарға ұшыраған жайлы айтылды. Хакерлердің кесірінен елде интернет бұғатталып қала бастады, мемлекеттік қызметтер көрсететін сайттардың жұмысы уақытша тоқтады, тіпті соның салдарынан авиарейстер кешікті. Эксперттер кибершабуылдар Қазақстанға мобилизациядан қашқан ресейліктер қаптағанда басталғанына назар аудартты. Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығы сол кезде кибершабуылдың осынша ауқымдысына бірінші рет тап келіп отырғанын жеткізген. Бірнеше үлкен жобаларды жүзеге асырған IT маман Әлібек Байсейіт кейінгі жылдары расымен кибершабуылдардың тым көбейіп кеткенін айтып отыр.

– Әлемдегі саяси ахуал өзгергелі еліміз жасалатын кибершабуылдар саны артты. Көптеген ресурстың бұғатталуына кибершабуылдар тікелей себепші болуы мүмкін. Себебі еліміздегі жеке IT компаниялардың сайттарына кейінгі жылдары жіберілген DDoS саны жиіледі. Түсінікті болу үшін айтсам, DDoS шабуыл – бір сәтте бірнеше мың трафик жіберу арқылы сервер жұмысын уақытша тоқтататын әрекет. Бұл шабуыл vpn немесе прокси арқылы әр елдің серверлерінен жіберіледі. Сондықтан шабуыл жіберілген мекен-жайды табу мүмкін емес. Кибершабуылдар көптеген мемлекеттік және жеке компаниялар ресурстарының жұмысына кері әсерін тигізеді. Негізгі себеп ретінде әлемде шиеленіскен сыртқы саяси ахуалды айтар едім, – дейді ол.

Кей кездері ел интернеттің нашарлағанын, әлеуметтік желілердің жиі тұралап қалатынын айтып жатады. Оның да түп себебінде осындай дүниелер жатуы мүмкін. Интернеттің нашарлауы деген мәселе елімізде 2022 жылдың күзінен басталды. Сонда «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ «1 айдың ішінде 20 миллионға жуық кибершабуыл болғанын» мәлімдеген. Ал одан біраз бұрын ҰҚК 295 миллион кибершабуыл мен 2 мың DDoS шабуылды тойтарғанын хабарлапты.

Әйтеуір былтырдан бастап елімізде киберқылмыстарға қатысты айыппұл мөлшері артып, әрісі 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралатын болды. Салыстырып қарасақ, Грузияның Қылмыстық кодексінде «компьютерлік жүйеге өз бетінше рұқсатсыз бірнеше рет ену» деген қылмыс түріне 2 жылдан 5 жылға дейін түрмеге қамауды қарастырады. Өзбекстан «компьютерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу» қылмысы үшін 1 жылдан 3 жылға дейін темір торға отырғызып, қудалайды. Латвияда, Түрікменстанда, Украинада хакерлерге және олардың сыбайластарына 2 жылға дейін, Германияда, Молдовада 3 жылға дейін, Әзербайжанда 4-тен 6 жылға дейін, Қытайда, Арменияда 5 жылға дейін, Беларусьте 7 жылға дейін соттайды. Ал АҚШ-тың қылмыстық заңнамасына сәйкес, соттар осыған ұқсас қылмыстарға қолы мен арын былғаған қылмыскерлерді 10 жылға дейін бостандығынан айырады. Демек, бұл тұрғыда еліміз халықаралық тәжірибелерге сүйене бастағанын аңғарамыз.

Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

1-бет

РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ қалай қалыптасты?

Қазақ диаспоралары мен ирреденттерінің, эмигранттарының қоғамдағы сан түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың әсерінен ең бірінші жақын шетелдерге шашырап қоныстанатыны заңды құбылыс. Олардың көпшілігі көрші Ресей, Қытай, Өзбекстан мен Моңғолия елдерінде қоныс тепсе, қалған бөлігі Азия мемлекеттерінде шоғырланған. Ұлтымыздың соңғы үш ғасырлық этникалық тарихы патшалық Ресей империясының отарлық экспансиясымен тығыз байланысты екені баршаға белгілі.

Ресейдің кейбір өлкелері біздің жыл санауымызға дейін-ақ скиф, сармат тайпаларының тұрағы, кейіннен ғұн, түркі тайпаларының атамекені болды. Бұған археологиялық қазба деректер мен сол дәуір ескерткіштері – тас мүсіндер, жер-су атаулары дәлел бола алады. Осы мәліметтерді негізге алсақ, Орынбор қазақтарының автохтонды өлкенің ежелгі тұрғындары екені күмән тудырмайды.

XIV–XV ғасырда өмір сүрген атақты Асан қайғы, қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Әз Жәнібек XV ғасырдың екінші жартысында Еділ өзені аймағына көшіп келгені туралы былай деп айтқан: «Еділ деген қиянға, Енкейіп келдің тар жерге. Мұнда кеңес қылмасаң, Кеңестің түбі нараду...» Бұл деректен Еділ өзені жағалауы бойындағы жерлердің қазақтардың атақонысы болғанына толық көз жеткіземіз.

1731 жылғы қазақ жүздерінің Ресейге қосылу үдерістерінен кейін қазақтардың көшпенді орын ауыстыруы басталды.

Егемендік алғаннан кейін азат болдық. Бірақ үш ғасырлық езгінің салдарынан ұлттың атамекенінен тыс шетелдерде қазақ диаспоралары мен ирреденттері және эмигранттары пайда болды. Олардың пайда болуына Ресей империясы жүргізген төмендегідей саяси шаралар себеп болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының ішкі экономикалық жағдайы төмендеп, ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырай бастады. Оның негізгі себептерінің бірі орталық қара топырақты аудандарда жердің тарылып, шаруалардың күйзеліске ұрынуы болды. Патша өкіметі бұл экономикалық жағдайдан шығу үшін өз иелігіндегі отар елдердің жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын қолға алды. Бұл агралық саяси шараның басты авторы және ұйымдастырушысы Ресейдің министрлер кеңесінің төрағасы П.Столыпин болды. Мұны іске асыру үшін қазақтың «бос жерлерін» есепке алу мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Олардың есебінше, қазақтың он сегіз миллион десятина жері тәркіленіп, орыс қоныс аударушыларына беру жоспарланған. Бұл қоныс аудару реформасы XIX ғасырдың соңғы ширегінен басталып, I дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейін жүзеге асырылды. Нәтижесінде жерсіз қалған немесе құнарсыз жерлерге ығыстырылған қазақтар Қытай жеріне қоныс аударуға мәжбүр болған. Мысалы, Қапал уезінің Басқан-Сарқант болысынан қазақтар аз уақытта туған жерін тастап кетуге мәжбүр болған. 1909 жылы Жаркент уезінен Қытайға жеті жүз отбасы көшіп кеткен. Осылай жері зорлықпен тартып алынған Шымкент уезінің қазақтары 1912-1914 жылдары Қытай шекарасына қарай ауа көшкен. Осы озбыр саясаттың кесірінен XX ғасыр басында қазақ халқының саны 9 пайызға азайып кеткен. 1911 жылғы есеп бойынша Қытайға жер ауып барған қазақтардың саны 244900 адамға жеткен.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясының қол астындағы халықтарға зор қайғы-қасірет шектірді. Соның ішінде, қазақ халқына да ауыр зобалаң тудырды. Соғысты сылтау еткен патша өкіметінің шенеуніктері жергілікті жерде ойына келген әрекеттер жасап, халыққа қорлық көрсетумен болды. Ауыр алым-салық жиналып, шұрайлы жерлер тартып алынды. Қазақ жұртшылығының көп бөлігі құнарсыз жерлерге ығыстырылды. Столыпиннің аграрлық саясаты тұсында қазақтан 17 миллион деятина жер тартып алынса, 1917 жылдың қарсаңында тағы да 45 миллион десятина жерінен айырылды.

Жерсіз қалған және ауыр алым-салықтан қатты күйзелген қазақтар патша өкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарды соғыстағы қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы көтеріліске шықты. Бұл бүкіл Қазақстан жерін қамтып, ұлт-азаттық сипаттағы көтеріліске айналды. Оны аяусыз басып-жаншыған жазалау шараларының салдарынан қазақ халқының тағы бір бөлігі Қытай, Моңғолия жерлеріне ауа көшті. Осылайша шетелдердегі қазақ диаспораларының пайда болуының келесі тарихи кезеңі басталды.

Фото: Ашық дереккөзден

Қазақ халқының басына қара бұлт болып үйірілген 1916 жыл оқиғасына жалғасқан азамат соғысы, 1920 жылдар соңындағы байлардың мал-мүлкін тәркілеу, 1930 жылдардағы зұлмат-нәубет аштық, «жапонның, т.б тыңшыларын әшкерелеу», ұлтымыздың ақиқаты мен ары іспетті бар қаймағын сыпырып алған 1937-нің қасіретті қырғыны қазақ диаспорасының алыс-жақын шетелдердегі санының еселеп артуына әкелді.

1931-1933-тегі зұлмат аштық жылдарында Қазақстан тұрғылықты халқының 64 пайызынан айрылған. Халық саны 1930 жылы 5,9 миллион адам болса, 1933 жылы 2,5 миллион адамға дейін азайып кеткен. Шекарадан шығып, босқыншылыққа ұшыраған қазақтар саны 1 миллион 31 мыңға жеткен. Олардың 165 мыңы бұрынғы Кеңес одағының шекарасынан әрі асып, Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға өтіп кеткен. Көпшілігі туған жеріне қайтып оралған жоқ. Ал жақын көрші елдерге және Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар санын дерек көздері 450 мың деп көрсетеді.

Сондықтан қазіргі уақытта қазақтар – Ресей Федерациясында шашырап орналасқан ірі диаспоралардың бірі. Олардың басым бөлігі ирреденттерден тұрады. Ресейдегі қазақтар саны жағынан мари, аварлармен тең болса, ұлттық республика мәртебесі бар еврей, бурят, осетин, кабардин, якуттардан басым түседі.

Қазақстан мен Ресей шекарасының ұзындығы жеті мың шақырымнан астам. Тұрғындарының бір-бірімен тығыз қатынасатыны да заңды құбылыс. Қазіргі статистика есептері бойынша Ресей Федерациясында әртүрлі бағамдау тұрғысынан алғанда 1 миллионнан астам этникалық қазақтар тұрады. Біздің отандастарымыздың көпшілігі Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас он екі аймақтық субъектілерінде жинақы тұрып жатыр. Бұл – Алтай өлкесі, Астрахань, Орынбор, Самар, Қорған, Шелебі, Омбы, Сарытау, Волгоград, Новосібір және Түмен облыстары мен Татарстан, Қалмақия. Дегенмен Ресейдегі қазақ отбасыларының тығыз тұрақтылығы Еділ маңы федералдық аймағында (228016), Оңтүстік аймағында (201095), Астрахань облысы (142633), Орынбор облысы (125568), Сібір федералды аймағы (123914), Мәскеу қаласы (7997), Санкт-Петерборда (2830) байқалады.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сүйенсек, 1993-2001 жылдар аралығында Қазақстанға Ресейден 47811 қазақ көшіп келсе, Қазақстаннан Ресейге 61519 қазақ қоныс аударған. Ресейдің тегін де сапалы білімі, зейнетке шығу жасының төмендігі және тағы басқа жағдайлар негізінен шекаралас тоғыз облыстағы қазақтарды қоныс аударуға мүдделі етеді екен. Әсіресе Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарынан 1994-1997 жылдары қазақтар сегіз-он мыңдап Ресейге көшіп отырған. 1998 жылдан бастап қоныс аудару үдерісі қайтадан толастай бастаған. Мысалы, 2001 жылы 4613 қазақ ғана көшкен.

Ресейдегі қазақ диаспорасын екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа шекаралық аймақтарда тұратын, көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысатын қазақтар енеді. Қазақстан Республикасының 17 облысының 7-еуі – Қостанай, ШҚО, СҚО, Абай, БҚО, Павлодар, Ақтөбе, Атырау және Ақмола Ресей Федерациясымен шекараласады. Екінші топқа қалада тұратын диаспора өкілдері кіреді. Олардың көпшілігі – жоғары білімі бар және шығармашылық еңбекпен айналысатын адамдар.

Кеңес Одағының күйреуі ресейлік қазақтарға жаңа саяси және әлеуметтік жағдай туғызып, тың мәртебе берді. Себебі, одақ кезеңінде РСФСР-да тұратын қазақтар өздерін диаспора ретінде сезінген жоқ. Өйткені, КСРО барлық ұлттардың отаны болып саналды. Ал әлемдік кеңістікте тәуелсіз Қазақ мемлекетінің пайда болуы, өзге кеңес елдеріндегі қазақтарды автоматты түрде диаспораларға айналдырды. Сонымен қатар, Қазақстанның дербестікке қол жеткізуі қазақ диаспорасының ұлттық санасын оятып, ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін тануға және бүгіні мен ертеңін болжауға ұмтылдырды. Диаспора өкілдерін сол елде өмір сүру себептері бойынша екі топқа бөлуге болады. Бірінші – бұрыннан өмір сүріп жатқандар (Орынбор, Омбы және т.б. қазақ диаспоралары мен ирреденттері), екінші – білім алу мақсатымен барып, тұрақтап қалғандар (Мәскеу, Санкт-Петербордағы қазақ диаспоралары).

Ресейде ұлт саясатының құқықтық негіздерін қалайтын маңызды құжаттар РФ Конституциясы, РФ-дағы ұлттық саясат концепциясы, «Ұлттық-мәдени автономия туралы» және басқа да азаматтардың конституциялық құқын қамтамасыз ететін заңдар қабылданған. Сондықтан қазақ диаспорасы қоғамның әлеуметтік-экономикалық стратификациясына жақсы бейімделген. Өздерінің қырықтан астам қоғамдық бірлестіктері мен мәдени орталықтарын құрған. Мәскеуде «Қазақ тілі» қоғамы, «Қазақ диаспорасы» қоры, қазақ жастарының «Мұрагер» қоғамы, ұлттық-мәдени автономиясы, Санкт-Петерборда «Атамекен» қоғамы, Қазан қаласында «Қазақстан қоғамы», Орынбор облысында қазақтардың ұлттық-мәдени автономиясы, Астрахань қаласында қазақтардың «Жолдастық» мәдени қоғамы, Омбы облысында аймақтық ұлттық-мәдени автономиясы, Түмен облысында «Достық» қоғамдық ұйымы, Саратов облысында қазақ мәдениетінің «Қазақстан» орталығы, Волгоград облысында аймақтық «Қазақстан» ұйымы және тағы басқа ұйымдар мен бірлестіктер қызмет жасайды.

Қазіргі уақытта Башқұртстанда тұратын қазақтардың 38 пайызға жуығының жоғары білімі бар екен. Ал Алтай өлкесі қазақтарының білім деңгейі басқа ұлттармен салыстырғанда төмен екені анықталған. Волгоград облысындағы қазақтардың 77, Челябинск облысында 73, Саратов облысында 82, Омбы облысында 58 пайызы жоғары білімді. Басқа субъектілерде селолық жерде тұратындықтан, олардың білім деңгейі өзгелермен салыстырғанда жоғары емес.

Тағдырын Ресеймен байланыстырған қазақ интеллигенциясының көптеген танымал өкілдері елдің ғылым мен білімінің дамуына, экономикасы мен мәдениетінің көтерілуіне өз үлесін қосып келеді. Олардың ішінде белгілі ғалым-филолог, ҚР ҰҒА академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің профессоры Кеңесбай Мұсаев, тарихшы-ғалымдар Найля Бекмаханова, Тұрсын Сұлтанов, Ресей Академиясы ядролық физика институтының ғылыми қызметкері Ниғматбек Қамбаров, РФ Үкіметінің ғылым мен техника саласы сыйлықтарының лауреаттары, мәскеулік инженер-физиктер Жұмабек Жылқыбаев, Батырбек Нарбаев, РФ еңбек сіңірген дәрігер Ризек Нұрғалиев, «Достық» орденінің кавалері Никита Искаков, Астрахань облысы құрылыс және жол шаруашылығы министрі Табарак Мұқатов, Татарстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Сағит Жақсыбаев, Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Марғуба Шұмова, кәсіпкер Гүлжан Молдажанова, Байбек орта жалпы білім беретін мектеп директоры, РФ еңбек сіңірген мұғалімі Оразғали Алатаев, Мемлекеттік Думаның екінші шақырылымының депутаты Жақсылық Алтынбаев, Ресей Үлкен театрының солисі Нұрлан Бекмұхамбетов, жоғары категориялы кинорежиссер Райса Ерназарова, Ресей суретшілер одағы мен Санкт-Петербор қазіргі заман өнер академиясының мүшесі, суретші Латиф Қазбеков, ақын, прозашы, композитор Айгүл Комелькова, моңғолтанушы Шакен Назиров, Алтай университеті археология, этнография кафедрасының ғалымы, түріктанушы Ержан Әділбекұлы, «Ресей ғылымының дамуына белсенді үлес қосқаны үшін», «Ресей ғылымы мәртебесін нығайтқаны үшін» медальдарымен мараппатталған инженер-металлург Равиль Арықбаев, инженер-құрылысшы, қоғам қайраткері Бақытжан Ысқақов және тағы басқалар бар. Б.Ысқақов В.Янның «Шыңғыс хан», «Хан Бату», «К последнему морю» романдарын, Бирюковтың «Чайка» романын қазақ тіліне аударып шыққан танымал қайраткер. Мұның барлығы Қазақстан мен Ресей арасындағы саясимәдени қарым-қатынастар мен достастықты нығайтудың көп факторларының бірі болары анық.

Ресейдегі қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық мәдениеттің, білімнің сақталуы мен дамуына, ана тіліндегі ақпараттық кеңістіктің кеңеюіне жағдай жасауға тырысады. Бұл тұрғыда Орынбор облысында «Жерлестер» телеарнасында ай сайын қазақ тілінде журнал дайындалады. Осы облыстың радиосында 50 минут қазақ тілінде хабар жүргізіледі. Орынборда «Айқап» атты қазақ газетін, Еділ жағалауы қазақтары «Хабар» газетін шығарады. Астрахань облыстық «Ақ арна» газетін 1991 жылы журналист М.Утежанов «Жолдастық» қазақ мәдениеті және тілі қоғамы белсенділерімен бірігіп шығаруды бастаған. Сондай-ақ, олар «Атамекен» бағдарламасында апта сайын қазақ тілінде 20-30 минут хабар таратады. Омбы қаласында қазақ-орыс газетін құрастырушы және шығарушысы Дастан Бейсебаев болған. Бірақ оның айтуынша демеушілердің қолдауынсыз газет шығару көп қиындық тудырады. Осы Омбы облысында қазақ тілін және ұлттың мәдениеті мен тарихын насихаттауға 16 клуб, «Мөлдір», «Достар», «Аманат» ансамбльдері мен мәдени бірлестіктер шама-шарқынша өз үлесін қосып келеді.

Жалпы Ресейдегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жақсы. Содан болса керек, олар қазір Қазақстанға жаппай көшуді ойламайды. Есесіне, бауырларымыз елдің саяси өміріне қатысуға ерекше ынталы. Себебі Ресейдегі қазақтар арасында оқыған азаматтар да, ауыл, аудан өнеркәсіп орындарын басқарып отырған мамандар да жеткілікті.

Ербол ӘБЕНОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті

AMANAT

АПТА АҒЫМЫНДА

Жастар денсаулығын сақтау – жауапты міндет

Апта барысында «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринованың төрағалығымен ZOOM форматында онлайн жиын өтті. Онда жастардың репродуктивті денсаулығын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Жиынға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, филиал жанындағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі кеңесшісі Алтынай Молжанова және тиісті басқарма басшылары қатысты.

Бастауыш ұйым – партияның негізгі күші

Жұмыс аптасында бастауыш партия ұйымдарының облыстық форумы өтті. Онда бастауыш ұйымдардың мәртебесі мен белсенділігін арттыру, жұмысын жетілдіру жолдары талқыланды.

Форум жұмысына 46 мыңға жуық партия мүшесін біріктіріп отырған 206 бастауыш ұйымның төрағалары қатысып, негізгі бағыттар бойынша пікір алмасып, әдістемелік материалдармен танысты. Сонымен қатар «Әлеуметтік кәсіпкерлік: партиялық жобалар үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында арнайы ұйымдастырылған семинарға қатысты.

«Ауыл аманаты» жемісін бере бастады

Ауылдағы ағайынның кәсіп көзін тауып, табысын жақсартуды мақсат еткен «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруға өткен жылы облысқа 3 млрд теңге қаржы бөлінген болатын.

Бүгінгі күні жобаның жемісін көре бастаған азаматтар қатары артып келеді. Партияның облыстық филиалы жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі өңірлік кеңес пен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері бірлесіп, жоба аясында іске қосылған кәсіпкерлік нысандардың жұмысымен танысты. Бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуына талдау жүргізді.

Бақылау бекеті орнатылды

Партияның Шиелі аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері «Самара-Шымкент-Қодаманов» автожолындағы «К-3» каналына салынып жатқан жаңа көпір құрылысына партиялық бекет орнатты.

Партиялық бақылау бекетінің басты мақсаты – құрылыс сапасын, бөлінген қаражаттың тиімді игерілуін, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын бақылау. Көпір құрылысы толық аяқталып, халық игілігіне берілгенше «AMANAT» партиясының тікелей бақылауында болмақ.

ҚАЗЫНА

ҮНІ БӨЛЕК ҮМБЕТӘЛІ

Фото: Ашық дерекқоздан.

Студент кезімде Арал өңіріне бірнеше кешенді экспедиция жасадым. Қазір ойлап отырсам, мен Үмбетәлі жыршымен тек кездейсоқ жағдайда жолығып, оны соңғы рет көріп, дидарласып қалғандардың қатарында екенмін. Онда да кең отырып сөйлесіп, жыршылық өнер жайында әңгіме-дүкен құрып, шығармашылығына, өткен өмірі мен үлгі алған ұстаздарына, жыр айтқан той-томалақ, асжиындарға қатысты көңілдегі көп сауалдарды асықпай тоғытуға мүмкіндік болмады. Қариямен амандасып, тек хал сұраумен ғана шектелдік. Орта бойлы, шүңірек көз, томашадай шағын қара шалды «Үмбетәлі жырау деген осы» деп таныстырып, «Аға, мынау Берік деген балаң, батаңды бер!» деп жүрген аралдық айтыс ақыны Бекұзақ Тәңірбергенов болатын. Заманында талай додалы жиынды адақтаған жүйрік жыршының егде тартып, еңкейіп, шөгіңкіреп қалған шағы екен.

Сол жолы Бекұзақ екеуміз Серік Сейтмағамбетовты іздеп, аудандық өкпе аурулары ауруханасына барғанбыз. Бұл – менің орындауымдағы Секеңнің «Зейнолланың соңғы монологы» «Тамаша» ойын-сауық отауында айтылып, Қазақстанға тараған мезгілі. «Өспей жүргенім қырғыздығым, өлмей жүргенім мықтылығым» деп әзілдеген болып, шындықты шырылдатып жіберетін Секең көңілі көтеріліп, бойы сергіп, бізге алғысы мен жылы лебізін жаудырып жатты. Үмбетәлі қария да осы ауруханада жатыр екен. Мұнда түскендеріне біраз болыпты. Науқас меңдетіп, қалжыраған жаннан не сұрауға болады. Бекұзақ әрібері әңгімеге тартып, ананымынаны түртпектеп көріп еді, байғұс, міз бақпады. Тіптен сауалын естімеген жан сияқты. Жыр, мақам-саз дегеннен мүлде бейхабар жандай, өзімен-өзі мәңгіріп отыра берді. «Үлкейген екен ғой» деп ойлағанмын мен сонда. Балалықпен байқамаппыз. Бақсам, олай емес екен. Өнер туралы, жыр жайында көсіліп әңгіме айту үшін жыршыға ерекше бап, алқалы топ, кермиық көңіл-күй керегін, екі өкпесін қолына ұстаған балаң жігіт, мен ол кезде қайдан білейін.

Танымайтын біреулер үшін сол кездегі Үмбетәлі Сапаров деген кім? Сырқаттанып, өкпесі сыр беріп жатқан қатардағы бір ауру шал. Ішіндегі қара орман қазынаны көсіп-көсіп ақтарып алып қалуға, әттең, ол кезде менің де дәрменім шамалы еді. Кейін жүргіншілерден амансаулығын сұрағанда, бақилық болғанын естідік. Қолдан келер не бар дейсің, «Кеткен екен ғой қыруар қазына» деп сан соғып қалдық.

Арал өңіріндегі тарыдай шашылған жыр жәдігерлері мен жыршы атаулыға бір адамдай қамқорлық жасап, сол кездегі көзі тірілерінің жанын түсініп, жағдайын күйттеп, қолынан келгенше еркелетіп, керек жерінде кейіп алатын адал азаматтың бірі аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Кәдірхан Махмутов болатын. Шынын айту керек, еліміз егемендік алған жылдары ауыл мәдениетінен мән кете бастағаны жасырын емес. Жыршылар әуелдегі биік тұғырынан күрт төмендеп, «түгеншекеңдердің» сөйлегеен сөзінен, ішкен бір жұтым ащы суынан кейін әлгінің құрметіне қалайда бір терме айтуды күтіп отыратын тура мағынасындағы тіскебасарға айнала бастаған. Бала-шағаның нәпақасы үшін бұл қорлыққа көбі амалсыз көнгенімен, ішкі дүниелерін көндіре алмады. Кәдірханның тұсында жағдайдың осы жағы аз да болса, оңға айналғандай болып еді. Әттең, оның өмірі де білте шамның жарығындай тым келте болды.

Аудан көлеміндегі көне жыршылардың көзі тірілерінің дауысын жазып алу үшін сол кезде көп нәрсенің керегі жоқ еді. Ауданда жылжымалы автоклубтар болды, дыбыс жазатын техника да жеткілікті. Осындайда айтпасқа амалың қалмайды екен. Сол кездегі мәдениет бөлімінің айналасына шоғырланған «мамандардың» құлықсыздығына қайран қаласың. Құдай біледі дейін, халық қазынасының қайнар көзі – көне жыршылардың дауыстарын жазып қалдыру сол кездегі мәдениет саласының жұмыс кестесінде болмады деу бекер. Ондай игі шаруалардың абыроймен іске асырылып, ретретімен атқарылып жатқаны хақында кезінде құзырлы мекемелерге құлаш-құлаш есептің жөнелтілгені анық. Қағаз жүзінде болғанымен, түбі тексерілмеген дүниеде қайдан баян болушы еді? Бүгінде соның бірінің ізі жоқ, бәлду-бәлду, бәрі өтірік. Аманат арқалап келіп, ғазиз ғұмырларын сол қасиеттің жолына сарп еткен, есесіне еш қарымта сұрамаған, өмірдің рақат бақшасынан өзіндік ешнәрсе еншілей алмай кеткен сол көнекөздер болмаса, қалғанының ұпайы түгел. Рас, ескінің мүлкін қажетсінбедік. Бірақ Құдай ешкіммен санаспайды, өз дегенін істейді. Заманға лайық жыр иелері дүниеге кезегімен келе берер. Алайда олардың қандай тағдыр кешетіні тағы да сол құдіреттің қолында.

Үмбетәлінің дауысы үнтаспаға әбден ұлғайған шағында жазылыпты. Солай бола тұра, үні ұшпа әрі қайратты екен. Мен оның орындауында алқалы жиында таспаланған үнтаспалардың бірін ғана тыңдадым, жанында бірнеше күн аялдап, барлап зерттеу мүмкіндігі болмағанын ежіктей жазуымның себебі сол. Жыршының дауыс бояуы жанға жайлы, мақамды әрлеп, құбылтуы ерекше. Ешкімге ұқсамайтын, өзіндік мақамдары бар екен. Ол салғаннан бірден сол ескі өрнекке көшті. Топқа түскенде әуелгі бастап айтқаны «Біссімиллә, мен сөйлейін Жаппар Хақтан» деген терме. Бір әттеген-айы шығарманың авторын баяндамайды. Ол екінші орындаған жырын да бірден хабарламасыз бастап кетті. Әуелгі сөзі түсініксіз, терменің арааарасында «Қас жақсыда кек болмас, / Қас жаманда тек болмас» деген тіркестер анық естіледі.

Өзгеден ерекшелігі – Үмбетәліде жыршылардың «үлкен айқайы» бар екен. Ол екі шығармадан кейін домбыраның құлақ күйін сәл көтеріңкіреп, қайта күйлеп алды. Содан соң «Әуелі туғаннан соң бірге жеттім, / Еңбектеп екі жаста төрге жеттім» дейтін кердері Әбубәкірдің жырына жол берді. Үлкендіктің, жоғарыда айтқан науқастың әсері болса керек, қайта-қайта жөткірініп отырады. Домбыра тартуы сауатты, пернеден жаңылысып, қате басуы сирек. Дауысы сыбызғыдай созылып, мақаммен кірігіп, аспаппен астасып кетеді. Несін айтасыз, осы таспаның бетіндегі азғантай жазбаның өзінен-ақ жарықтықтың таңға сілтейтін тарландығы анық аңғарылып тұр. Ол мектеп көрген ізді шәкірт екенін білдіріп, бір шығарманы, мейлі ол шағын толғау болсын, аяғына дейін бірнеше мақаммен айтып, саз ауыстырып отырды. Бұл да – қазіргі орындаушылар машығынан қалып бара жатқан, ескі жыршыларға тән ерекшелік.

Мақам ауыстыру – әуелі тыңдаушының жалықпауын қамтамасыз етсе, содан соң орындаушының мақам-саздарды жеткілікті дәрежеде игерген ерекше қабілетінен хабар беретін артықшылық болып табылады. Ол бір дем алып, «Сәуірдің қара бұлыты, / Жауарында ойнаған» деген сөзді құбылтып ала жөнелді. Содан соң келесі, ойнақы бір мақамға ауысты. Бұл әуен бұрын-соңды ешкім орындамаған тыңдығымен ден қойдырды. Арал өңірінен өткен басқа жыршылардан біз бұрын мұндай мақам үлгісін есіткен емеспіз. Амал қанша, жан-жақтан көтермелеген тыңдаушылардың дауысы кірігіп, жыршының көп сөзін анық естіртпей қойды.

Біршама уақыт өткен соң жыршы енді салалы жырға ойысты. Демек, жаңағы айтылғандардың бәрі ұзақ салаға түсер алдындағы тер шығарып, дауысын баптап алу үшін жасалатын бірқақпайлар болғаны. Ол бір кездері Арал аймағында жиі жырланатын, Ноғайлы дәуіріне тән тармақты жырлардың арасынан «Қарасай – Қази» қаһармандық эпосынан үзінді айтуға ыңғайланды. Кіріспесін әңгімелей келіп, эпостағы Сұлтанайдың темір қақпалы Дербентке аттанатын жерінен шырқап, дауысын шарықтатып, көтеріп ала жөнелді. Айтып отырып, сан құбылып, арасында ащы айқайға басып, тыңдаушысын түрлі ым әрекеттерімен баулып отырғаны байқалады. Өйткені, жыршының тыңдаушылары бейжай жағдайда емес, ерекше көтеріңкі көңілкүйде әсерленіп, жыршыға еріп, қиқулап отырғаны таспа бетіндегі түрлі дауыстардан анық аңғарылады.

Жыршы тағы да әлқиссаға көшті. Тыңдаушылары да оның лебізіне қосыла ілесіп, шығармадағы уақиғаның өрбуіне қарай орындаушымен бірге қамығып отырғандары байқалды. Әндетіп отырып тақпақтау, бір биікке көтеріліп алып баяндау, баяндап келе жатып, күрт өзгеріп, мақамды үзе салу, бұл да Үмбетәліге тән өзіндік ерекшеліктер екен. Ол тыңдаушысын жырдағы уақиғалардың ағысына ынталандыра баяндап отырып, айналасын байлап-матап тастайды. Орындауындағы кейбір мақамдар қызылжарлық жыршы Берекет Омаровтан жеткен саз үлгілеріне ұқсас. Ал Берекет болса, бұл үлгіні Дәріғұл Өміркұлұлынан алғаны белгілі. Арал өңірінде осы Берекет орындаған мақамдардың жалғастық таппай, үзіліп қалып бара жатқанын ескерсек, бұл аймақтағы жыршылық өнер қайта түлеген кезде мүлдем басқа арнамен дами бастағанының куәсі боламыз. Ол қандай арна? Бұл сөзіміздің дәлеліне көптеген жанама деректерге қоса, Бекбосын, Темірбай, Жақсыбай, Берекет, Әбдіқұл сияқты жыршылардың орындауынан жазылып қалған көне үнтаспалардағы терме, толғау, эпостық жырларды айту үлгісін тыңдағанда көз жеткізе түсеміз.

Әрине, бүгінгі таңда бізге белгілі болып жүрген Аралдың эпикалық жыршылық дәстүріндегі мақам-саздар түгел өзгеріп кеткен деген біржақты пікірден аулақпыз. Әйтсе де XX ғасырдың 80-жылдары көне мұраның біршама өзгерістерге түсіп, басаяғы күзеліп, түзеліп, қырық қолдың қырқымынан қайта шыққаны ақиқат. Сөз жоқ, бұл – озық орындаушылық талғапталдаудың әсері. Пікірімізге жан бітіріп, ойымызға қан жүгірту үшін әңгіме желісін сәл әріден, басқа арнадан бастайық.

Бүгінде әбден айтылып, төселіп, қашалып, салтанатты сахналардың сәніне айналып, XXI ғасырдың тыңдаушылары құлақ құрышын қандырып жүрген Арал теңізі жағалауында қалыптасқан, арғы тегі Батыс Қазақстан өңіріндегі эпикалық мұрамен сабақтасатын ежелгі эпикалық жыршылық дәстүрден еншіленген мақам-саз үлгілері әуелде бізге кімдер арқылы жетті? Арал өңірінің жыршылық дәстүрін сөз еткенде әуелі «Әбілхан Махановтың мектебі» деген ұғымды санамызда әбден тұрақтандырып алуымыз керек. Содан соң Әбекеңнің мектебінен шыққан үш жыршы – Сұраған Мырзаев, Бекұзақ Тәңірбергенов, Рысбек Әшімовтің есімдерін еске алу шарт. Ендеше, олардың бүгінгі абыройын асқақтата отырып, бір замандағы өнерлерінің парқын ой елегінен және бір өткізіп алудың артықшылығы жоқ. Өйткені, бүгінде аталған жыршылардың да бақи дүниелік болғанына біраз уақыт өтті ғой.

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған тұста бой көрсете бастаған бүгінгі жыршылардың бәрінің тегіс рухани ұстаздары осы үш орындаушы еді. Ал олардың жыр сахнасынан жарқ етіп көрінуі XX ғасырдың 80-жылдарының орта тұсы. Көзіқарақты жандар ұмыта қоймаған шығар, бір кезде термені көтеру мәселесі мен термешілік дәстүрді жандандыруға руханият әлемін жаппай жұмылдырған уақыттар болған. Алғашында Байқоңыр қаласының телестудиясынан, кейін республикалық телеарнадан Арал өңірінің мақам-саздарын орындайтын үш жігіттің, оларды тәрбиелеп, өнерлеріне жетекшілік етіп жүрген ақын Әбілхан Махановтың, Нұртуған шайырдың мұрасын жинаушы Әлімжан Суханберлиннің қатысуымен өткен әлгі хабардан кейін Сырдың бойында Арал мақамдары деген дербес ұғым қалыптаса бастады. Оған дейін былайғы жұрт Сыр бойы десе, тек Қармақшыдағы Жиенбай, Тасбергендерден қалған жыр мақамдарын ғана білетін. Өйткені фольклор жинаушы Мардан Байділдаевтың насихаттап, республика сахнасына алып шыққан жыршылары Балқашбай, Ақмырза, Көшеней, Әбілда, Мұзарап, Шамшат, Мырзағали, Бидас, Алмас, Әбіләш сияқты Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек, Шиелі өңірлерінен өткен Нартай, Тұрмағамбет, Омар, Жүсіп, Даңмұрын, Төлеубай мұраларының насихатшылары болатын. Сондықтан бұл өңірлердегі жыр дәстүрінің өткені мен бүгіні арасында байланыс болған жоқ. Тіпті 1962 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының атынан музыкатанушы Зәуре Жанұзақова, Мұхамедрахым Жармұхамедов, Мардан Байділдаевдың жетекшілігімен Сыр бойына ұйымдастырылған кешенді ғылыми экспедиция Қармақшыдан кері қайтқаны, іргеде жатқан Арал ауданынан бірде-бір жыршының дауысы жазылмағаны, тек Қазалыдағы Нәби, Қобылаш, Шыналы сияқты домбырашылардан бірнеше күй таспалап алып қайтқандары анықталып отыр. Мұның нақты себебі әлі күнге белгісіз, бұдан кейін де белгілі болары күмәнді. Бұл кезде Аралда Ноғайлы дәуірінен жеткен тармақты эпостық жырларды түгел жырлайтын Жәметтен басқа Әбдіқұл, Қани, Берекет, Бекбосын, Сахи, Үмбетәлі, Темірбай, Жақсыбай, Жақсан, Әмитжан сияқты сұңғылалардың көзі тірі болатын.

Десе де, Әбілхан Маханов бұл мәселенің шешімін сәл басқаша қарастырды. Ол алдымен Қазанғап күйлерінің аралдық нұсқасын орындаған домбырашы Қаппар Жармағамбетовты тапты. Қапекең Қазанғап күйлерінің шебер орындаушысы ғана емес, ескі жыршылардан қалған мақам-саз үлгілерін де домбырада келістіріп ойнайтын. Ол мұның бәрін шалқарлық домбырашы әрі жездесі Ізбасар Ілиясовтан үйренгенін айтатын. Ізбасар болса, бала күнінде жадында қалған жыр мақамдарын өзінше өрнектеген. Сонымен Қаппар білетін оншақты мақам-сазды Ә.Маханов өзінің үш шәкіртіне үйрете бастайды.

Шынын айту керек, ол кезде шәкірттері арасынан дайындығы мықты, деңгейі жоғарысы – Сұраған Мырзаев болатын. Сол кездің өзінде ол Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Тұтқын қыз», Жүсіп Ешниязұлының «Сұрмерген» және Ерімбет, Нұртуған, Шәді, Молдағали, Шахар, Тұрмағамбет, Омар, Жүсіп, Әбубәкір, Нұрсұлтан, Кенжеқожа сияқты ақын, шайырлардың көптеген терме-толғауларын білетін. Бірақ көбіне-көп Қармақшы өңірінде айтылатын мақамдарды орындауға бейім еді. Оны 1980 жылдары Ақбастыға, қайын жұртына қыдырып барған бір сапарында Жандос Көптілеуовтің шаңырағында жырлап, таспаға түсірткен отыз екі шығарманың мазмұнынан көріп, білуге де болады.

Көзінің тірісінде репертуары толық хатталмаған жыршының бірі де осы – Сұраған. 1985 жылы 15 желтоқсанда Қызылорда облыстық радиосына жыршының орындауынан үш-ақ терме жазып алынған. Алайда, оның дауысы жазылған №412 таспадағы Нұртуған ақынның «Асыл ер», «Құлақ салып, сөз тында», Нұрсұлтан Жұбатовтың «Майданнан хат» деп аталатын екі бөлімді ұзақ хат-толғаудың әлгі мұрағаттан ізін шығара алмадық. Өйткені, Қызылорда облыстық телерадиокомитетінің «Алтын қоры» мекеме жабылған жылдары шашыранды күйге түсіпті.

Әбекеңе шәкірт болғандардың бірі Бекұзақ Тәңірбергенов – қас жыршының баласы. Әкесі Жақсан әйгілі Бітімбайұлы Жаңабергеннің інісі Сахитжан жыраудың шәкірті еді. Бірақ Бекұзақтың репертуарындағы жыр-термелер көлемі жағынан шағын болатын. Ол өзінің табиғатына қарай көбіне-көп айтыс өнеріне бейімдік танытты. Кейін лирикалық әндер айтып, өзі де ән шығарып, композиторлықпен әуестеніп жүрді. Ал Рысбек Әшімовтің жыршылық өнерге келу қадамы тіпті қызық. Ол әуелде аудандық «Маяк» клубында бас гитарада ойнаған, дискотекалар мен жастар сауығының гүлі болған. Эстрада әншісінің дауысына қызыққан Әбілхан көп ұзамай, оны да тәптәуір жыршы етіп шығарады. Әрине, бұл үш жыршы да кезінде қолдарына түскен таспалармен жұмыс жасап, көзін көрген жыршылардың алдынан үйреніп, өздерін толықтырып, шеберліктерін шыңдай түскенінде сөз жоқ. Бірақ негізгі тірек, басты бағыттары – Қаппар күйші домбыра нұсқасын ойнаған мақам-саз үлгілері болып қала берді. Ендеше, бүгін ақиқатын айту керек, Арал аймағындағы дәстүрлі жыршылар және олардан жеткен мақам-саз үлгілері осындай жұмбақ күй кешіп, көлеңке бетке ысырыла берген. Әрине, мұны қолдан жасалған қитұрқылық деуден аулақпыз.

Кезінде Әбілхан ақын Арал аймағындағы көне жыршылық дәстүрді қайта түлету үшін кезекті тәжірибе жұмысын жүргізді. Құдай қарасқанда, оныcы тым сәтсіз болған жоқ. Өкініштісі, көргенінен танбайтын біздің жұрт аралдық дәстүрлі мақам-саздардың басқа арнасы бар екенін елеп-ескермеді. Бәрі тап осылай болуы керек сияқты еді. Сөйтіп, Маханов мектебінің үш шәкіртінің орындау деңгейін Арал аймағындағы жыршылық дәстүрді тұтынған жалпы көп үлгі есебінде қабылдады. Сонда Жәмет, Әбдіқұл, Қани, Берекет, Бекбосын, Сахи, Үмбетәлі, Темірбай, Жақсыбай, Жақсан, Әмитжан сияқты ізді жыршылар сақтаған көне саз үлгілері қайда кетті?

Шүкір, жоғалған жоқ, сартап болса да асыл ізі бар, әркімнің қолында жүріп көнерген, кеу сандықтардың түбінде сары алтындай сақтаулы келе жатқан, әбден тозығы жеткен үнтаспа беттерінде сарғайып, жарық көретін кезекті күндерін күтіп жатыр. Сол баға жетпес қазынаның арасында Аралда, той үстінде, қалың тыңдаушы топтың арасында отырып үні бөлек Үмбетәлі жыршының орындауында таспаланған, импровизацияға құрылған өзіндік мақам-саз үлгілері де бар.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ӨРІМІ

Облыс орталығындағы «Жан-Арай» кешенінде соғыс ардагері, еңбек майталманы Болат Нұрсейітұлы мен әулеттің алтын діңгегі болған асыл ана Жаңыл Шәйімқызының туғанына 100 жыл толу құрметіне «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» деп аталған еске алу шарасы өтті.

Шара облыстық ақындар мүшәйрасымен басталды.

Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық ахуалын тіктеуге қиын кезеңдерде маңдай терін төккен Болат әке заманынан озық туған жан еді. Ол кісі қазіргі тілмен айтқанда, сол кездегі кәсіпкер-меценат болды. Кеңестік дәуірде осы өңірдегі ең бірінші екі қабатты үй тұрғызған Болат әкеге баяғы байларды тәркілеген бюрократтардың бұйрығы жүрмеді. Өйткені, ол дүниемалды өз еңбегімен тауып, бір ауылдың асыраушысына айналды.

1990 жылы Болат әке қайтыс болғанда ауыл қариялары «Болат қайтыс болды, енді бұл ауыл қалай күн көреді» деп жылады. Шын мәнінде көгендегі қойын жетектеп апарып көжекатығы жоқ үйдің қорасына кіргізіп жіберетін ол әулеттің ғана емес, ауылдың әкесіне айналған-ды.

Ақындар осынау ерен өмірді айшықты жырмен өрнектей білді. Сөз сынында жас талант Ақжол Түменбай бас бәйге алып, қомақты қаржылай сияпат иеленді. Мүшәйраны тамашалаған жұрт Биболат Сәтжан, Назгүл Бердіқожа, Айдар Сайлауов, Ұлықбек Бекұзақұлы сынды сөз зергерлеріне ризалықпен қошемет жасады.

Еске алу шарасының басты көрінісі «Жастар театрының» «Жүрек қазығына байланған бақыт» атты монолог қойылымымен ашыла түсті. Артистер өткен дәуірлерді көпшіліктің көз алдына алып келді.

Мұнан соң шараға келген қауымға ауызашар беріліп, аруақтарға Құран бағышталды.

Алды сексенге келген әулеттің келіндері Болат әке мен Жаңыл ананың баннердегі бейнесіне иіліп сәлем салды. Кәделі табақтарды үй иелері тартып, келіндер алды.

Ас жөнінде 103 жасқа келген қарт, соғыс ардагері Яхия Тасыров былай деді:

«Бұл қазақтың салт-дәстүріне негізделген, Болат ұрпағының ауызбірлігі мен ата-анадан алған тәлімін паш еткен ас болды. Әке Құдайдан ұл сұрағанда ізім қалсын дейді, балалары сол тілектің қабыл болғанын танытты».

Болмыстың өсиетпен қалыптасып, қасиеттің қанмен келетіні рас. Бір ауылдың көшесін кетпенмен аршып, ауыр жүгін иығымен көтерген Болат әкенің ұлы Қайрат Нұрсейітов бір шаруашылықтың жауапкершілігін мойнына алып, ел-жұртының әлеуметтік хал-ахуалын көтеріп келеді. «Ақжарма» ауылынан мешіт, дәмхана, дүкен, басқа әлеуметтік нысандар салды. Ауылды жасыл желекке бөлеп, әкесінің атына берілген аллея ашты. Оның туған жер туын еңкейтпеген еңбегі бағаланып, «Құрмет» орденін омырауға тақты, Сырдария ауданының Құрметті азаматы атанды.

Шара соңында сөз алған Қ.Нұрсейітов жалпы жұртшылыққа сөз арнап, бүгінгі күнге жеткізген ел ағаларына алғыс білдірді.

Біз әрбір перзент ата-анасына осылай құрмет көрсетсе, қасиетті кетірмей, өсиетті өлтірмей бойтұмар қылып тақса деген тілекпен қайттық.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

№48-49 (20722-20723) 30 наурыз, сенбі 2024 жыл

ДӘСТҮР ДІҢГЕГІ

Ұлағатты үш жеңгем

Мынау қамшының сабындай қысқа өмірде сыйласып жүрген жандардың арасында өзінің болмыс-бітімі, сыйластық салты, ұлағатты ұстанымынан айнымаған жеңгелерімнің орны бір бөлек көрінеді де тұрады. Ал жеңге үшін оның қайнысына деген көңілі көз жеткізсіз көкжиектей дарқан десе болар. Халқымыздың тұрмыстық салт-дәстүрінде жеңге мен қайнының арасындағы сыйластықта үлгі алар ұғым, мол мағына бар.

Шаңыраққа түскен жас келіннің бірінші сыйласатыны да, сырласатыны да сол үйдің кішісі – қайнысы мен қайынсіңлісі болған. Жаңа түскен келін алғаш ошақтың отын жағып, самаурынын қайнатар болса, ағашын жарып, тамыздығын дайындап беретін де, сиыр сауса бұзауын, түйе сауса ботасын тартып көмектесіп, қапталынан қалмайтын қолқанаты қайнысы болған. Ал жеңгесінің қайнысына деген көзқарасы одан да ерекше. Оның атын да атамайтын. «Кенжем», «Кекілдім» деп жарасымды ат қоятын. Қайныларының алдынан кесе өтпейтін, әркез иіліп сәлем етіп, ерекше ілтипат көрсететін жеңгенің құрметін жас кезімізде талай көрдік, әлі де көріп келеміз. Олай дейтінім, қайныларына деген құрметін, жеңгелік жолын, қазақы дәстүр-салтын әлі сақтап, кешегіден бүгінгі ұрпағына үлгі ете алып келе жатқан жаны жайсаң, көңілі көл-көсір, пейілі патшадай менің үш жеңгем бар. Олар бейне қарашаңырақтың қазанын көтерген қасиетті ошақтың үш тағанындай. Алды сексеннен асса, кейінгісі соның ізін қуып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Отбасы күнімен құттықтауынан «Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қарашаңырақтан бастау алады. Отбасы институты еңбекқорлық, білімпаздық, тілектестік сынды «Адал азаматқа» тән қасиеттерді қоғамда жан-жақты дәріптеу арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады» деген жолдарды оқыдым. Оқыдым да әулеттің алтын діңгегіндей болған жеңгелерімді көпке үлгі ету үшін қолыма қалам алдым.

Атап айтсам, солардың бірі де бірегейі Қорғашова Роза Сейілқызы – ең үлкен жеңгем. Қазір 85 жасқа келсе де, келініне қарап қалмай, өз күтімін өзі жасап отырған қайратты жан. Әкесі Сейіл екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ауданда прокурор болып қызмет атқарған. Соғыстан бронмен қалса да, майданға өзі сұранып кетіп, сұрапыл шайқаста қаза тапты. Әкеден жастай айрылған Роза жеңгеміз қаладағы №13 орта мектепте оқып, білім алады. Мұнан соң Ақтөбе қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Екінші курсында оқып жүріп ауылға келген бір сәтінде Ыбыраш ағамыздың көзіне ілігеді. Сол кездегі дәстүр ғой, он тоғызға енді толып толысып тұрған жас қызды ағамыз қарашаңырағына келін қып түсіреді. Оқу жөніне қалып, әулетімізде Роза жеңгеміздің келіндік дәуірі басталады. Кейін Ыбыраш ағамыз аудандық архивке басшы болып қызметке тұрады да, Роза жеңгемізді қасына жұмысқа алады. Екеуі жұбын жазбай осы мекемеде ұзақ жыл бірге жұмыс істеп, абыроймен зейнетке шықты. Жеңгеміз үйде де, жұмыста да сондай тазайын. Үйге келген газет-журналдарды құр жібермейтін сауатты. Сәлемінен жазбайтын ибалы жан. Бір қасиеті қайын-қайнағаларының атын еш атамайды. Оларға ат қойғыш. Мен сәлем беріп барсам, «Ақұдай, ақ қайным келіп қалыпты ғой, түрегеліп сәлем берейін» деп орнынан тұрып, иіліп сәлем салып жатқаны. Мені сол баяғы бала кезімдегідей әлі «Ақ қайным» дейді. Ал Биғали Қаюповты «Сары бала», Нұраш Оспановты «Директор қайным», Қайролла Жетесовті «Директор бала», Бақытты орысшалап «Счастливый қайным» дейді. Сондай-ақ қайнағаларына да қойған аттары қызық. Батырқұл ағамызды «Ишанның баласы қайнаға», Қолғанат ағамызды «Рука крылья қайнаға», қайынсіңлісі Күләнді «Сары қыз», Жұбатқан ағамыздың әйелі Жұлдызды «Звезда шешей» деп орысшалап та жібереді. Тіпті өзінің үлкен баласы Берікті «Ата-енемнің ерні тиіп, еншілеп алған баласы еді, атын қалай айтайын» деп оған «Қара бала» деп ат қойған. Жеңгеміз қалай айтып, қалай атаса да жарасымды, орысшасына күліп аламыз.

Ыбыраш ағамызбен екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді. Олардан тоғыз немере, үш шөбере сүйіп отыр. Үлкені Берік жоғары білімді құрылысшы-прораб, Алматы қаласында тұрады. Қыздары Тұрсын №64 мектепте мұғалім болса, Шолпаны Ақбай ауылындағы орта мектепте ұстаз. Бауыржаны – аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы. Бақытжаны Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы болған, подполковник шенінде зейнетке шықты.

Бүгінде ері Ыбыраш ағамыз да, қайнағалары да өмірден өтті. Асқар таудай азаматының ізін жоғалтпай қарашаңырақтың иесі, немере-шөберелерінің қамқоршысы, ақ тілеулі анасы мен әжесі болып Роза жеңгеміз отыр.

Екінші жеңгем – Қамыстыбас бекетінде тұратын Еламанова Мәдемі Оспанқызы. Ол да 1938 жылғы. Қаратерең ауылында дүниеге келген. 1945 жылы мектеп есігін ашып, жетіжылдық білім алған. Сексен беске келсе де, есте сақтау қабілетінің жақсы болғаны ғой, оқушы кезінде жаттаған жырдастан, ертегі-қиссалардың бәрі әлі күнге дейін ұмытылмай көкірегінде сайрап тұр. Ән десең, баяғы комсомолдың әнін, жыр десең, «Қобыланды батыр» жырын жырлауға дайын. Жеңгеміздің айтуынша, ертеректе қыз бала білім жолына аса құмар болмаса керек. Содан ғой, 14-15 жасынан кірпіш зауытында ертелі-кеш қара жұмыс істеп, отбасына қолғабыс тигізген.

Ол анасының ақ дидарын көрмей өскен. Алтын анасы өмірден ерте қайтып, артында Өтепберген, Әдемі, Мәдемі есімді өрімдей үш бала қалған. Жеңгеміз – үйдің кенжесі. Ол кездері Арал халқының күнкөріс көзі балық шаруашылығы болған. Жас болса да, ерлердің ісін еңсере білген. Тезек теріп, қамыс орып, әйел-еркектің жұмысы демей алғаусыз атқарып ауыр тірліктен қашпаған. Он жеті жасқа қарағанда ағалары отбасын құруға ой тастайды. Ол жылдары Махамбетәли ағамыздың соғыстан енді келіп жатқан кезі екен. Ағамыздың мақтауын асырып «Осы балаға тұрмысқа шықсаң жаман болмайсың» деп ақыл қосады. Сонымен ағамыз 35 жаста, жеңгеміз 17 жасында 1956 жылы отау құрады. Жеңгеміз он бес құрсақ көтерген. Оның біразы шетінеп, бес баласын бүгінге дейін өсіріп, жеткізді. Олардан тараған жиырма шақты немере-шөбересі бар. Бір қызығы, бұл шаңырақта ағамыз Махамбетәлиден бастап жатқан қасиетті бесік бар. Қолында тұратын кенже баласының кенже сәбиіне дейін сол қасиетті бесікте тербеліп өскен. Жасы сексеннен асса да шаңырақтағы келіндік міндетін ұмытпаған, жолынан жаңылмаған. Ата-ене, қайын-қайнаға, қайынапаларының атын осы кезге дейін атамай әдеп сақтап келеді. Көргенділігі ғой, Сексенбай деген атамызды «Екі қырық» дейді. Шолпан деген құдашасын «Молпан», тіпті көршісі Алтынайды «Тазабай» дейді ғой. Әйтеуір тауып айтады, ат қойғыш. Міне, осының өзі – артындағы ұрпағына беріп жатқан өнеге, тәрбиесі. Сырқаттанып жатса да, келген қайын-қайнағаларына иіліп сәлем беріп, өз жайынан бұрын өзгенің жайын бірінші сұрап жатады. Осындай қадірлі қариясы бар үйден қонақ та үзілмейді. Қашан барсаң да балаша қуанып, жайраңдап қарсы алып, әңгімеге тартсаң сағаттап айтуға бар. Күш-қуаты бойында тұрған жеңгемізден оның құдіретін сұрасақ: «Жас кезімізде жатпай-тұрмай еңбек етіп, жұмысқа әбден қайнап-пісіп қалғанымыздың арқасы ғой» дейді.

Әке-шешеден де, шаңырақ иесі шалынан да ерте айырылып, бар бейнетті басынан өткізсе де қазір соның зейнетін көріп отыр. Бүгінде үлкейіп көзі көрмей қалғаны болмаса, осы уақытқа дейін талай газет-журналды кемірген. Ал бүгінде үйдегі немерелері әжесі айтқан кітап-журналын оқып береді. Теледидарда айтыс болса, бірін қалт жібермей тыңдайтыны бар.

Ақбай ауылында тұратын Есенбаева Ұлдай Жұбатырқызы да – жаныма жақын тұтатын жайсаң жеңгелерімнің бірі. Арал қаласында туып, осындағы №13 орта мектепті үздік аттестатпен бітірген соң Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың жаратылыстану факультетіне түсіп, оны да 1967 жылы үздік бітіріп шыққан. Жас маман еңбек жолын «Қарақұм» елді мекеніндегі №59 орта мектепте химия және жалпы биология пәні мұғалімі қызметінен бастаған.

1971 жылы Қайырла ағамызбен бас қосып, Ақбай орта мектебіне өз пәні бойынша мұғалім болып ұстаздық ұзақ жолын одан әрі жалғастырады. Ағамыз да – Қызылорда педагогикалық институтының үздік түлегі. Ақбай орта мектебінде ұзақ жыл директор болып абыройлы қызмет атқарды. Екеуі де осы мектептен 1993 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты.

Ұлдай жеңгем – мектепте қандай ұстаз болса, бала тәрбиесінде, отбасында сол ұстаздық қалпын бұзбаған тәлім-тәрбиесі мол, өнегелі жан. Қайын-қайнағалары мен абысын-келіндеріне дейін адал қызмет етіп, шаңырағындағы келіндік қалпын жасы сексенге таяса да әлі бұзбай келеді. Тәрбиелі ортадан шыққан жанның тұла-бойы тұнған өнеге десе болады. Бүгіндері төрт баланың ардақты да бақытты анасы. Үлкен ұлы Жаңаберген әке жолын қуған, мектеп директоры қызметінде. Одан кейінгісі Қайрат – өздері тұратын Ақбай ауылының әкімі. Екі қызы Гүлзат пен Айжан да – анасындай ұстаздық жолды таңдаған өз ісінің білікті мамандары. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Ұлдай жеңгем – бүгінде 14 немере, 4 шөберенің ардақты әжесі, қасиетті шаңырақтың қазынасы.

Басына ақ жаулық түсіп, келін атанған кезінен бастап өз шаңырағын өзгеше қадірлеп, ел ағалары атанған қайнаға-қайныларын құрметтей білген үш жеңгем – мен үшін де, біздің әулетіміз үшін де аса қадірлі жандар. Жасы сексеннен асса да, алдымыздан кесе өтпейді. Табалдырығынан аттағаннан иіліп сәлем етеді ғой. Сол бойда қазанын көтеріп, табақ тартып, ет жеп болған соң «Бұл – қайнымның табағы ғой» деп ауыз тиіп, тағы да иіліп сәлем етіп, табақты келіндеріне беріп жатқаны қандай жарасымды! Тұрмыс-салтымызда өткен ғасырдан қалыптасып келе жатқан жеңгеге тән қасиет пен оның жолын бүгінгі күнге, ұрпақтарына үлгі ете алып келіп отырған кешегі қырмызы, қазіргі кейуана келіндерді қалай құрметтеп, қадір тұтпассың.

Басқаның жеңгелерін қайдам, менің жеңгелерім осындай. Жолы да, жөні де бөлек ерекше жандар. Алла оларға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларына береке, бірлік берсін демекпін.

Арғын ОРЫНБАЕВ,
Қазалы вагон пайдалану депосының бастығы,
Қазалы аудандық мәслихат депутаты

МЕРЕЙ

Фото: Ашық дерекқоздан.

Туған жердің нәрестеге сіңірер қасиетін санамалап шығу мүмкін емес. Әр адамның ой түкпірінде жататын киелі мекенге деген құштарлық оны биіктерге жетелейді. Сырдарияның жағасындағы Қалжан ахун медресесінің тура дария бетінде қоныс тепкен ауыл «Қараман ағашы» деп аталады. Қазір ол жерде ескі көңнің орыны ғана жатыр. Неге бұлай аталғанын кезінде үлкендерден сұрамаппын. Негізі бұл – менің анамның және оның туған-туысқандарының өсіп-өніп, өркен жайған қасиетті мекені.

Ізгіліктің әліппесін үйреткен

Қазақтағы туыстық қатынас, олардың атаулары мен жалпы мінездемелері әлем ғалымдарын саналық жарылыстарға жетелеп келеді. Себебі, әрбір туыстық атаудың қазақы негіздемелері мейлінше дәлдікке құрылғаны генетикалық зерттеулерде дәлелденіп отыр. Мысалы, баланың нағашыға тартатынын қазақ баяғыда айтып кеткен. Оны ғылым жиырмасыншы ғасырда дәлелдеді. Осы секілді көптеген мысалдар келтіруге болады. Нағашы атамыз Қайырлап ауқатты жердің баласы болғандықтан өзіне жар болар қыз іздеп, аяқ жетер жердің барлығын шарласа керек. Бір сапарында Өтебайдың бір баласы Тілеубайдың Тікірек аталығынан тарайтын атақты бай, отыз жыл болыс болған Боранбай атамыздың қызын көріп, құдалыққа адамдарын жібереді екен. Сөйтіп, сол ұлық әжемізді қалыңдық етіп алып, менің шешем Балсұлу (Күліс) мен Құрманәлі (Құлтан) дүниеге келеді.

Ол қазақ даласындағы ақ пен қызыл арпалысқан, бай мен кедей кінәласқан берекетсіз уақыт еді. Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен қазақ шет елден сая тапты. Солардың ішінде шешемнің Қали деген үлкен ағасы да бір түнде әулеттің сақтаған бір сандық алтын-күмісін өзі ғана білетін жерге көміп, елден жырақтап кете барыпты. Содан кейін не қилы тағдырды басынан өткеріп, әкеден бұрын айырылып, шешесін ағайынның көмегімен өздері жерлейді. Енді ағайыннан басқа арқасүйері жоқ екеуі өз бетінше өмір сүруге бейімделіп, жұрт қатарлы тірлік кешеді. Сөйтіп біріне-бірі қамқор болып жүргенде соғыс басталып, шешемнің інісі Құлтан нағашым майданға аттанады. Екі рет ауыр жараланып, комиссияның шешімімен елге қайтарылады. Елге келген соң колхоздың түрлі жұмыстарын жасап, абырой биігінен көрінеді. Елге белгілі Қалжан ахунның серіктерінің бірі болған Сайымназар ахунның қызы Нәзира анамызбен бас қосады. Алғашында атақоныстан көшіп, Калинин колхозында жұмыс жасаса, кейіннен қазіргі Далдабай ауылындағы «Қамыс сауыт» деген жерге қоныс аударады. Сол жерде шаңырақты шаттыққа бөлеп, үлкен ұлы Бақытбек ағам дүниеге келеді. Жалпы нағашыларымнан тараған төрт ұл, төрт қыздың барлығы – өсіп-өнген үлкен әулеттің егелері. Екінші ұлы Бағдат ағам жалғанды тәрк қылып төрт-бес жыл бұрын баһиға кетті, иманы жолдасы болғай!

Менің бүгінгі кейіпкерім 75 жастың желкенін керіп тұрған әулеттің ағасы Бақытбек Құлтанұлы хақында болмақ. Ол 1949 жылы 20 наурызда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы 1 Май мектебін бітірген соң, Алматы қаласындағы қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы қазақ политехникалық институтының инженерлік құрылыс факультетіне түсіп, құрылыс инженері мамандығы бойынша бітіріп шықты. Құрылыс шебері, прораб, учаске бастығы қызметтерінде болды. 1978 жылдан Жамбыл су шаруашылығы құрылыс институтының аға оқытушысы. Мәскеу қаласындағы су шаруашылығы институтының «Құрылыс механикасы» кафедрасының аспиранты болып, техника ғылымдарының кандидаты атағын қорғап шықты.

Мәскеуде аспирантура оқып жүргенде құмның ішіндегі ауылдан хат жазып тұратынмын. Үшінші сынып оқитын бала не төрелі хат жазсын. Дегенмен, елдің амандығынан хабардар болып отырғаны анық. Маған поштаға барып Мәскеуге хат жолдау абырой еді. Бақытбек ағамды әкем марқұм жақсы көретін. Елге әр келген сапарында бізді тапсырып, аманаттап отыратын. Әкемнің сол аманатын орындап, жоғары оқу орнына түсуіме көмектесті. Елмен араласып, үлкенге құрмет көрсетудің әліппесін үйреткен жанашырым болды.

Ғалым болып оралғаннан кейін 1986-2001 жылдар аралығында КИИАП, политехникалық институт, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Теориялық механика», «Өндірістік және азаматтық құрылыс», «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедраларының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2011 жылдан бері «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының доценті. Осы кезге дейінгі ұрпақ тәрбиесіндегі адал еңбек еленіп, «ҚР Халыққа білім беру ісінің үздігі» атағымен, Ғылым және білім министрінің Құрмет грамотасымен, облыстың Құрмет грамотасымен, Қорқыт ата атындағы Алтын медальмен, отандық және жоғары білім саласындағы абыройлы еңбегі мен елеулі жетістіктері үшін Жоғары білім және ғылым министрі Саясат Нұрбектің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ұлы Абай «Адамның адамшылығы жақсы ата-анадан, жақсы ұстаздан, жақсы құрбыдан болады» деп айтып кеткен екен. Осындай жақсы қасиет, кемелдіктің қазынасы табылып жатса, сүйініш, жарасып тұрса, мақтаныш. Мен білетін, үлкенге қадірлі, кіші ардақ тұтар Бақытбек Құлтанұлының тұла бойы дәл осындай жақсы қасиетке толы. Көңіл пернесін баса отырып толқыта толғануға, шалқыта жазуға, мөп-мөлдір шуақты сезім кернеген талай-талай сырларды ағыта беруге болады.

Адамның Құдай қосқан қосағы жақсы болса, басқа дүниенің барлығы жақсылыққа қарай бағыт түзейді. Себебі, жоғыңды білдірмей, бар кезде тасытпай қалпыңды сақтап тұратын – сол қалап алған жарың.

Бақытбек Құлтанұлының жары Мысық бидің жиені Әбдібек деген кісінің қызы Балымкүл де ұстаздық қызмет жасап, зейнет демалысына шыққан. Бұл кісілерден екі ұл, бір қыз өмірге келіп, әрқайсысы бөлек шаңырақ құрып, ата-анасына немерелердің тәтті қылықтарын сыйлап отыр.

Исі қазаққа белгілі Қалжан ахуннан қалған нақыл бар. Бір жиында отырып, ұрпаққа қатысты ой айтылғанда ол «Екі мектеп көрген қазақтың баласының жаман болуға қақысы жоқ» деген. Жағалай отырған жұрт «Ол қандай мектеп?» дейді. Сонда ахун «Ата мен ананың мектебі» деген екен. Сол айтқандай Бақытбек пен Балымкүлден тараған ұрпақ та өнегелі болып өсті және ғылымның ауылынан алыс қонбады.

Атақты сөз зергері, Сыр сүлейі Қарасақал Ерімбет:

– Қалампыр, жұпар сепсең де,
Иісі болмас анадай.
Халуа, шекер, бал шайна,
Ләззаты болмас баладай.
Алтын мен күміс жисаң да
Күндердің күні болғанда,

Панасы болмас ағадай дегенде, осындай елге тұтқа болар ағалардың қадірін арттырса керек.

Мадақ, мансап іздеп соның соңына шам алып түсушілер ел ағасы атана ма, ол арасын ашып айта алмаймын. Кісілік, ерлік, сірә, өзінің сәтін тосып та жататын шығар. Махамбет сияқты жалаң қылыш қалпында да, хакім Абайдай «сабыр түбі сары алтын» деп парасат мінезде де болмақ. Ел ағасы кім дегенде айтарым, ол – халықтың мәдени-тарихи тәжірибесін бойына сіңіріп, өмір сүру қалпына айналдырған ізгі жан. Бұл бір. Екіншіден, заманның ағымын, елдің қамын, саясаттың оң-солын аңғарып сабырлы мінез танытатын адам болса керек. Үшіншіден, ел ағасы міндетті түрде болашақты болжай алатын парасат иесі болуы табиғи жағдай, себебі, тізесінде келешектен үміт күтіп немересі отыр. Мен қазақтың ел ағаларының барына, олардың ойшыл Асан қайғы айтқан «судағы ақ шортан қарағай басын шалған» заманда көрініп, «адасқан көптің атының басын бұратынына» кәміл сенемін. Елдің ағасы болып, абыройыңыз аласармай жүздің жүзін көріңіз, аға!

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
жыршы,
Мәдениет қайраткері

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 93-бабының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және жеке кәсіпкерлердің мәжбүрлеп таратылуға жататын тізімі

№	СТН	ЖСН/БСН	Салық төлеушінің Атауы
1	110140015648	331000015331	«Билдинг оф фьюче» ЖШС
2	110340006785	331000016657	«Жас өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың спорттық патриоттық клубы «Қорған Кызылорда» қоғамдық бірлестігі
3	110340008058	331000016745	«Distr» (Дистр)» ЖШС
4	110640011326	331000019431	«Кызылорда Лига-ЛТД» ЖШС
5	120140020298	331000024394	«Проектно-строительная компания «Отделстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6	120340015131	331000025535	«МКЛН Кредит» Микроқаржылық ұйымы» МКЛН Кредит» ЖШС
7	120440008102	331000026038	«Гюнгёр Құрылыс» ЖШС
8	120440018843	331000026346	«Қызылорда Швейник» өндірістік кооперативі
9	130140016729	331000031749	«Қадам-Маркет» ЖШС
10	130240026766	331000033393	«КазАТКпроект» ЖШС
11	130340002346	331000033908	«Ақшатау - Ақай» ЖШС
12	980440019601	061800075687	«Акшатау» ЖШС
13	130340022801	331000034644	«Акмечеть Несие» Кредиттік серіктестік» ЖШС
14	130440020986	331000036354	«Аксуат-несие» Кредиттік серіктестігі ЖШС
15	130740023892	331000042568	«Гранит - несие серіктестігі» ЖШС
16	130840007775	331000044355	«Арай Агро KZ» несие серіктестігі» ЖШС
17	130840006876	331000044311	«РМЗ-Шапағат» ЖШС қызметкерлерінің локальдық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі
18	130840022421	331000047797	«Самғау-2020» Кредиттік серіктестігі» ЖШС
19	130940000137	331000050613	Кредиттік серіктестік «ЖанТемір» ЖШС
20	130940020449	331000050998	«Линдир» ЖШС
21	131140010970	331000051743	«Автобан-Орда» ЖШС
22	131240019819	331000052312	«Темір Жол Сервис KZ» ЖШС
23	101140006848	600700639940	«Курылыс Техно-Групп» ЖШС
24	140340016798	331000054000	«АгроЭко Продукт» ЖШС
25	140440002870	331000054341	«Ойл Инвест Групп» ЖШС
26	140640025490	331000055834	«Кредитное товарищество «Баймен саз» ЖШС
27	140640024591	331000055823	«Қызылорда облысының аумақтық қорғаныс бригадасының басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
28	140940009132	331000056986	«GasMarket» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
29	141240019345	331000058553	«Сиқырлы жұлдыз» мүмкіндігі шектеулі балаларға коррекция және дамыту, психологиялық қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі
30	150240032301	331000059694	«I and B Solution Group» ЖШС
31	150440029150	331000060753	«Нур Транс Сервис KZ» ЖШС
32	150740007587	331000061784	«KazTara-Kz» ЖШС
33	150840005346	331000062364	«Арлан2017» ЖШС
34	150840005376	331000062375	«D trans-KZ (Д транс-КЗ)» ЖШС
35	150840013971	331000062535	«Biggest Trade (Биггест Трэйд)» ЖШС
36	150840014008	331000062540	«KazGoup KZ (КазГроуп КейЗет)» ЖШС
37	150840021289	331000062716	«Нурлы жол Кызылорда» ЖШС
38	150940011275	331000062969	«Ера-Фарм» ЖШС
39	980641016015	330100211033	Заңды ұйым филиал «Орта-азиялық университет» мекемесінің Қызылорда филиалы
40	990142014216	330100212790	Қазақстандық газ ассоциациясысының Қызылорда қаласындағы өкілдігі
41		330100214104	«Central Logistics» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
42		330100216738	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Умай» сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйі мекемесінің филиалы «балаларды қайта қалыптастыру логопедиялық орталығы»
43	040441028849	330100221481	«TransPetroleum» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
44	051141003084	330100227458	«Центр независимой оценки «APPRAISER» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
45	051241010318	330100227700	«Жасыл Ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы» жекеменшік мекемесінің Қызылорда облыстық филиалы
46	060141004933	330100227931	«Арылу» қоғамдық қорының Қызылорда филиалы
47	060941012666	330100231258	Қазақстан КВН одағы» Республикалық жастар қоғамдық бірлестігі «Қызылорда КВН» филиалы
48	061141026610	330100231742	«Көпбалалы аналардың «Ғибрат» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
49	070241029121	330100232718	«ВСП Интернациональ» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
50	071241011786	330100236226	«Компания «Золотое Руно» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
51	071242017344	330100236336	«Antares Group LTD» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы өкілдігі
52	080241002964	330100236600	«Педиатрлар Одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысындағы филиалы
53	080541008042	330100237708	«Психикалық сауықтыру саласында істейтін мамандар қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
54	080941017793	330100238838	«Икар» ЖШС-нің Қызыл-Орда қаласындағы филиалы
55	081041008939	330100239066	«DJ Global Inspection Services Ltd» Қызылорда қаласындағы филиалы
56	081041013281	330100239121	«АзияСуҚұрылыс» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
57	090541002095	330100241255	«Вторресурс-2007» ЖШС-нің Қызылорда облысы бойынша филиалы
58	090641011107	330100241794	«TLC market» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
59	090841015335	331000000111	«Shyryn LTD» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
60	100241018164	331000006847	«Мир Cdma Interlink» ЖШС-нің Қызылорда қаласының филиалы
61	100341001341	331000007086	«Юг Асар» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
62	100541007982	331000008942	Спорт клубы «Далел» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалы
63	100641010502	331000011249	Қызылорда қаласының Қызылорда облыстық филиалы «Қазақстан» «Халықаралық тауар биржасы» Акционерлік Қоғамы
64	100741010612	331000011854	Заңды тұлғалардың Қызылорда бірлестігі (Одағы) «Облыстық кәсіподақтар Кеңесінің» филиалы - «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының бастауыш кәсіподақ ұйымы
65	101041004695	331000012984	«Экспресс-Верная Оценка» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
66	101042015913	331000013223	«АвтоКлуб» жауапкершілігі шектеулі қоғам Қызылорда қаласының өкілеттілігі
67	920341001620	331000017488	«Республикалық әйелдер Кеңесі» қоғамдық бірлестігінің филиалы «Қызылорда облыстық әйелдер Кеңесі»
68	110541014759	331000019156	«Абырой» авторлық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
69	110941004697	331000020996	«Гранд Строй» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
70	110941008927	331000021147	«Мүгедектер қоғамы «Үміт жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда қаласындағы филиалы
71	111041015048	331000021774	«Жетісу» банкроттық процедуралардағы кәсіби меңгерушілер одағы» аймақтық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
72	111240001941	331000022563	«Shyryn Қызылорда» еншілес ЖШС
73	120441001349	331000025821	Қазақ табиғат қорғау қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
74	120641020461	331000027828	Қызылорда қаласы «КУДО Ұлттық Федерациясы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің филиалы
75	120641020451	331000027850	«Ұлы Дала Қырандары» қоғамдық мәдени-әлеуметтік қозғалысы» Республикалық Қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
76	120741009018	331000028034	«Медиаторлар одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
77	121241011689	331000031166	«АвтоТек» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
78	130341009848	331000034259	«Строй-Technology» ЖШС-нің филиалы
79	130441006074	331000034908	«Қазақстандық ветеринариялық палатасы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
80	130441029628	331000036530	«Қазақстан заңгерлерінің одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
81		331000041678	«Сырэнергосервис» ЖШС-нің Қызылорда облысы филиалы
82	980741016405	331000042194	«Жылжымайтын мүліктер мәселелерін зерттеу орталығы» ЖШС-нің Қызылорда облыстық филиалы
83		331000048424	«Жолжелкен» ЖШС-нің Қызылорда облысы филиалы
84	131141021961	331000051922	«Shokel» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы «Shokel Kyzylorda» филиалы
85	140241013369	331000053288	«Астана LRSпласт» ЖШС Қызылорда қаласындағы филиалы
86	140241016096	331000053343	«Moxito» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
87	140241020659	331000053409	«Егин-Су» ЖШС -нің Қызылорда қаласындағы филиалы
88	140241021302	331000053411	«Бірінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы Медиа орталық» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
89	140341000876	331000053637	«Akmola Construction» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
90	140341004670	331000053794	Филиал в Кызылординской области Общественного объединения «Центр медиации и восстановительного правосудия «Tura Bi»
91	020940007855	330100214467	«Юстиниан» ЖШС
92	020440009962	330100213040	«Сынаулық ойды дамыту» қоғамдық бірлестігі
93	050140019374	330100223851	«Айзат-Т» ЖШС
94	060340006753	330100228929	«КызылордаЖелезоБетон» ЖШС
95	090640015878	330100241915	«Нығмет-Мұра» ЖШС
96	070640002763	330100234538	«Жас Талап KZ» ЖШС
97	030340006897	330100216423	«Әлем-ЖС» ЖШС
98		330100228588	«ЕрБахНур@РымОйл» ЖШС
99	090240008503	330100240235	«М-СервисТрейд» ЖШС
100	090640005850	330100241739	«Кәкен плюс» ЖШС
101	030440005034	330100216628	«К-Транс» ЖШС
102	090340021376	330100240840	«Мирас - Несие» Микроқаржы ұйымы» ЖШС
103	080240010246	330100236644	«Бағдаршам СМЭУ» ЖШС
104	060240003389	330100228608	«Brand-Master KZ» «Бранд-Мастер KZ» ЖШС
105	030840016753	330100218349	Қызылорда облыстық «Оралман» орталығы қоғамдық бірлестігі
106	080240010117	330100236622	«NDT - Нефтегаз» ЖШС
107		331000023231	«Магистраль» пәтер иелері кооперативі
108		330700000213	КСК «Тасарык»
109	080940000452	330100238596	«Лада ТрейдСервис» ЖШС
110	081040000145	330100238948	«КазахОйл Трейд» ЖШС
111	090740002562	330100242132	«Санат - Сервис» ЖШС
112		330100225671	«Алдан-2005» ЖШС
113	080140015957	330100236490	«Инфра плюс» ЖШС
114	001040001743	331000047569	«СПК-СтройСервис Ойл» ЖШС
115	070940004017	330100235107	«Туран Тас» ЖШС
116	060740001965	330100230645	«Автотрактсервис Kz» ЖШС
117	090640011706	330100241805	«Стиль-Сервис Кызылорда» ЖШС
118	150941013287	331000063004	«Бинго клуб «Арман» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
119	151240005793	331000064228	«ЖШС Каз Энерго Сервис» ЖШС
120	151240009914	331000064294	«Мансур-1» Кредиттік серіктестігі» ЖШС
121	160140003514	331000064657	«КазЭлитСтройПроект» ЖШС
122	160440028898	331000066598	«Гео Аружан» ЖШС
123	160540000465	331000066653	KN.Orda Group ЖШС
124	160840000971	331000067959	«БерСтрой» ЖШС
125	160950020332	331000068583	Petro Welt Technologies Ag
126	161240001910	331000069647	«Кемел и К» ЖШС
127	161240023981	331000070079	«LPG Амира» ЖШС
128	170140014303	331000070431	«Сыр Айбыны» балабақша мекемесі
129	170240009023	331000071000	«Дағдарыс Проблемалар Орталығы» қоғамдық қоры
130	170240022318	331000071286	Жарнамалық Өндірістік Компаниясы «Luxeprint»» ЖШС
131	170240031476	331000071418	«Қазақ тілі» Қызылорда облысы бойынша қоғамы» қоғамдық бірлестігі
132	170450000804	331000071987	«Ляонин Куакэ Нефтяное Оборудование» ЖШС
133	170540003719	331000072603	«Мейірім Ордасы» қоғамдық қоры
134	170840005528	331000073953	«Ай-Нурал» мектепке дейінгі және мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» мекемесі
135	171040025714	331000075146	«Нұр Арай-2 үй 3» қоғамдық бірлестігі
136	180140022356	331000076804	«Современные нефтегазовые технологии» ЖШС
137	180240028953	331000077450	«Нұр - Асыл балабақшасы» ЖШС
138	180340017951	331000077857	«Орда Инвест-Групп ЛТД» ЖШС
139	180540012785	331000078932	«Yel trade» ЖШС
140	181040018515	331000081437	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «99215 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі
141	181240009296	331000082281	«Ризалит55» ЖШС
142	161240020451	061800365700	«Магнат-М» ЖШС
143	190140036942	331000082908	«Блеск Сервис ЛДТ» ЖШС
144	190240016802	331000083158	«Аппак - М» ЖШС
145	190340023751	331000083873	«Zhuzbaeva» ЖШС
146	200140035463	331000088423	«ПромКаскад» ЖШС
147	200140037172	331000088496	«Saulet TechGroup» ЖШС
148	180240005895	600900739438	«Tender First Supply&Logistics» ЖШС
149	200240028048	331000088808	«Метпромэкспорт» ЖШС
150	200240028058	331000088819	«Atlantic Group» ЖШС
151	170240035746	330500213661	«Eco Deal» ЖШС
152	200440002458	331000089300	«Гео-Сервис LTD» ЖШС
153	200640029853	331000089883	«БК Логистик» ЖШС
154	200740020080	331000090150	«Строй Инвест Group LTD» ЖШС
155	201040013530	331000091500	«Qazaq Building Ltd» ЖШС
156	940340000243	331000013531	Шаруашылық серіктестік «Аймырза-Береке және компания» толық серіктестігі
157	970640003115	331000007680	«Агрофирма-лизинг» өндірістік кооперативі
158	940140001541	331000026236	«Алтын-Орда» өндірістік кооперативі
159	080740000930	330100238068	«Казгросс « ЖШС
160	980640003216	331000041922	«Танас» ЖШС
161	010840017103	600500090208	«Centre Group» ЖШС
162	000540008845	331000046318	«Аман» ЖШС
163		331000039744	Отдел главного управления по борьбе с организованной преступностью и коррупцией
164	070240029314	330100232840	«Бірлік Транс Сервис» ЖШС
165	970840003737	331000040044	«Пан-Ян» ЖШС
166	981040004205	331000042843	«Кафе «Мираж» ЖШС
167	990940004217	331000044652	«Евразия-экспресс» ЖШС
168	970540014642	331000001991	«Өнер» ЖШС
169	060340026906	330100228786	«Темірші» қоғамдық бірлестігі
170	021140010849	331000018125	«Қызылорда облыстық өзбектер қоғамдық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі
171	991040011943	331000023088	«Қарақыпшақ Қобланды» қоғамдық қоры
172	091040012468	331000002855	«Bayram Insaat» (Байрам Иншаат) ЖШС
173	091040012557	331000002932	«Сыр қазынасы» ЖШС
174	031140001445	330100219127	«Ар-Темір» ЖШС
175	101140000819	331000013399	«Сакаман» ЖШС
176	140441031820	331000054957	«Сымбат Строй Проект» ЖШС-нің Қызылорда қ. филиалы
177	140541002601	331000055042	«Дархан Group» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
178	140941005899	331000056920	«РАЛЛ Өзара Көмек 2050» ЖШС-нің Қызылорда облысы бойынша филиалы
179	140941018167	331000057093	«Саясаттанушылар конгресі» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық «Саясаттанушылар конгресі» филиалы
180	141141026726	331000058245	«Қазақстан Стоматологтарының Бірыңғай Ассоциациясы» Қоғамдық Бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
181	141241001576	331000058267	«Dara-Company» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
182	150141017607	331000058927	«Үдеу-Өрлеу» Қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы филиалы
183	150241021728	331000059463	«Узор» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
184	150341013235	331000060056	«Мик и Курылыс» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
185	150741013021	331000061883	Қазақстан Республикасындағы «Ev-Yol»құрылыс компаниясы» жабық акционерлік қоғамының филиалы
186	150941009942	331000062925	«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС-нің «Қызылорда ветеринария ғылыми-зерттеу стансасы» филиалы
187	150941014354	331000063032	«Республикалық жекпе-жектің аралас түрлері және джиу-джитсу Федерациясы» Қызылорда облысы қоғамдық бірлестігінің филиалы
188	151041013059	331000063450	«Qazaq Sapa Delivery Service» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
189	160441018836	331000066422	«Республикалық газ саласы ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
190	161041018051	331000068990	«Берекелі қазына» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
191	170242021905	331000071275	«Kazakhstan Business Service Company» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы өкілдігі
192	170241027979	331000071330	«Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы» Қоғамдық Бірлестігінің Қызылорда облысының филиалы
193	170241031104	331000071407	«Нұг-Нұр» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
194	170541019413	331000072856	«Юг Мет Снаб» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
195	170641018845	331000073140	«Денсаулық сақтауды дамыту Қазақстандық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
196	170641033254	331000073392	«Шотокан» ұлттық каратэ-до федерациясы» қоғамдық бірлестігінің (республикалық мәртебе) Қызылорда облысы бойынша филиалы
197	170941036715	331000074797	«Қазақстандық хирургтар қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
198	171141036243	331000075795	«125 Edu» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
199	171241010174	331000076078	«Service Drilling» (Сервис Дриллинг) ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
200	171241021685	331000076314	«Kito» (Кито) ЖШС-нің Қызылорда облыстық филиалы
201	180441040678	331000078701	«Kazchermet-Karagandy» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы «Kazchermet- Қызылорда» филиалы
202	180541002470	331000078800	«Марсель Gold» ЖШС-нің Қызылорда филиалы
203	180542015248	331000078987	«Балықшылар шаруашылықтардың қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысының Өкілдігі
204	180541016518	331000079006	«Охранное агентство «ВИД» ЖШС-нің Қызылорда облысы бойынша филиалы
205	181041012036	331000081360	ҚБ «Сыбайлас жемқорлықты жою комитеті» Қызылорда филиалы
206	190342020914	331000083720	«Балық шаруашылықтардың қауымдастығы-BD» Заңды тұлғалардың бірлестігінің Қызылорда облысының Өкілдігі
207	190441024192	331000084189	«Ұлт тағдыры» Қозғалысы» Ұлттық-патриоттық бірлестік» қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалы
208	190841007936	331000085748	«Түстіметжөндеу» ЖШС-нің филиалы, «Түстіметжөндеу - Қызылорда»
209	190841028873	331000086015	«Primary Health Care» Ұлттық Қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
210	190941017990	331000086240	«Сапақ» өндірістік кооперативінің Қызылорда филиалы
211	191041004592	331000086537	«Выгодный займ» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы
212	191141010580	331000087073	«Стоматологтардың сараптамалық қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестіктің Қызылорда облысы бойынша филиалы
213	200141003232	331000087804	«Қазақстан Қауіпсіздік Саласы Груп» ЖШС- нің Қызылорда қаласы бойынша филиалы
214	200241013025	331000088621	«Функционалдық көпсайыс федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалы
215	200641002173	331000089608	«Тех-Маркет GS» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы 1-ші филиалы
216	200641002301	331000089619	«Тех-Маркет GS» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы 2-ші филиалы
217	200641006999	331000089707	«Системы Безопасности - Нс» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиал
218	200941037335	331000091335	Қызылорда облысынан «Қазақстанның барлық стилдегі каратэ Федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы
219	201141020176	331000092311	«Qazyna» gylymi-bilim bery ortalygy» ЖШС-нің Қызылорда облысы бойынша филиалы
220	201141020865	331000092333	«Қазақстанның құрылысшылар одағы» республикалық заңды тұлғалардың бірлестігінің Қызылорда облысындағы филиалы
221	201141031538	331000092674	«Нур-Ислам» продукт сервис» ЖШС-нің Қызылорда облыстық филиалы
222	971140013286	331000040473	«Best-Кредит» ЖШС
223	970340003657	331000036244	Пәтер иелерінің кооперативі «Көк Дала» тұтыну кооперативі»
224	201241015798	331000092938	Қызылорда облысы бойыша «Паралимпиядалық дзюдо Федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы
225		600900503181	«Коллер Ворковер Интернационал Гмбх» ЖШС Қазақстандағы филиалы
226	201240023713	331000093095	«Region.K.A.» ЖШС
227	200740027563	331000090227	«Asa Stroy» ЖШС
228	641124401926	331018861981	ДК «Исмайлова» (Исмайлова Баян Аблаевна)
229	850220300429	331018973651	ДК Кирдяшев (Кирдяшев Эрик Юрьевич)
230	841129301314	330120215937	ДК Самурык (Жунусов Бектас Налытбасович)
231	490819300052	331010158620	ДК «Анар» (Бармаков Муса Садуакасович)
232	940424302384	330220387164	ДК Арман (Кенжегулов Тасболат Кенжеғұлұлы)
233	570520402896	331010408557	ДК Global Trend (Джалгасбаева Айша)
234	190364005643	331011725408	«Нұрдәулет» Фермер-шаруа қожалығы (Ахметов Дархан Асамуратович)
235	940722451557	331011725342	ДК Умутбаева (Божбанова Асемгуль Бауржановна)
236	960919300421	331010730992	ДК Алтыбай М.Р (Алтыбай Марат Рашидұлы)
237	621210301349	330710125198	ДК Сабит (Примбетов Сабит Ергалиевич)
238	990718300197	331011138874	ДК Темірәли Сүйінбаев (Сүйінбаев Темирали Сағыналиұлы)
239	601120400835	331012499144	ДК Танирбергенова (Танирбергенова Алия Касымхановна)
240	880321300760	330120445128	ДК Нұржами (Утешкалиев Бакыт)
241	621119300019	331012491028	ДК Болат (Тургамбаев Болат Ибрагимович)
242	420410402049	331012106695	ДК Маханбетова (Маханбетова Кулбазар)
243	760315301927	582020098885	ДК Сунак Ю. Х. Н.(Юнусов Хайрулла Нурполатович)
244	980921301028	331010955219	ДК Мардеев Ильдер (Мардеев Ильдар Эдуардович)
245	830311301309	330120268157	ДК Эмин (Джапкаев Алик Аванович)
246	890309350228	392520139741	ДК Али Салыкбаев Ерлан Кенжебаевич
247	200664016042	331011918639	Шаруа қожалық «Бақ Береке М» Скендирова Курбанкул
248	870302400751	330220116613	ДК Гаухар Кайрбаева (Кайрбаева Гаухар Бакбергеновна)
249	841205401769	330420047548	ДК Ахметова Шолпан Бекмуратовна
250	880202302819	330120415445	ДК «Ердос» (Жетпісбай Ердос Оразбекұлы)
251	740822350633	551110052217	ДК Аттан (Тасбулатов Аттан Мухамеджанович)
252	970128300601	331010818472	ДК Air Delivery (Коротченко Максим Александрович)
253	000314600135	330920535522	ДК Өмірзақ (Өмірзақ Аружан Бахтиярқызы)
254	020805501992	331011773265	ДК Ахатов (Ахатов Достонбек Эркин Угли)
255	850213400497	330120248229	ДК Максат Динара (Мақсат Динара Мақсатқызы)
256	751128402969	331010816168	ДК Паниванова Татьяна Вячеславовна
257	110864010980	331010395090	Мамбетова Фарида Рысбековна
258	090364009121	330120819542	«Абдиев» шаруа қожалығы (Абдиев Бауыржан Серикбаевич)
259	090764017753	330120853806	«Бараков» шаруа қожалығы (Бараков Муратбек Абсадыкович)
260	800101303308	330120088412	ДК (Калымбетов Адлет Атенович)
261	820730302708	582120762959	ДК Ким Евгений Брониславович
262	780809302669	330120003929	ДК Сейдалиев Қайрат Темірғалиұлы
263	621020302433	331018864007	ДК Сатов (Сатов Султанбек Алгуатович)
264	380101442008	331010669595	ДК Калымбетова (Калымбетова Завра Абсадыковна)
265	380301302406	331010150163	ДК Аяпбергенов (Аяпбергенов Акшилик)
266	510812301336	331012308276	ДК Коськин Олег Иванович
267	650506302061	331010012824	ДК Югай Александр Юрьевич
268	800528302143	331012474985	ДК Тобашев Рустем Нагметуллаевич
269	850814300913	181910006632	ДК Оразбердин (Оразбердин Жангазы Бейбитханович)
270	060764024447	330120535039	«Сарсенбаев» шаруа қожалығы (Сарсенбаев Булат Калиевич)
271	050960010433	330120447564	«Магзаман» шаруа қожалығы (Алматов Багдат Алмасбекович)
272	830904302132	330120099902	ДК Саляхов (Саляхов Раиль Фаритович)
273	470316301617	331010262405	ДК Иванушка (Мартынов Борис Павлович)
274	790203303398	331017860515	ДК Мадияр Алтынбаев Галымжан Толепбергенович
275	760712301452	331010246205	ДК Жәнібек (Жәнібек Ғазиз Жұмабайұлы)
276	070264033511	330120591084	«Рсбаев» шаруа қожалығы (Рсбаев Руслан Джанузакович)
277	030764023486	330120182607	«Табынбаев» шаруа қожалығы (Табынбаев Еркин Узбекбаевич)
278	030764023595	330120181323	«Бағдат» шаруа қожалығы (Кенжегулов Бактияр Мухамбетжанович)
279	031264021127	330120232673	«Кілем Жайған» шаруа қожалығы(Такишев Олжахан)
280	760710302737	330610190524	ДК Кипшак (Сарымбетов Берік Есенгелдіұлы)
281	140660001135	331010884822	Пто «Жайсан Даму Кредит» (Каржаубайұлы Максат)
282	880330300908	330120367298	ДК Шагыдаров (Шагыдаров Мирамбек Ергабылович)
283	820701302276	330120240003	ДК Алмас (Абдуканов Алмас Муратович)
284	721003302253	582121021556	ДК Абенов (Абенов Оразали Утеуович)
285	760615403537	331010456194	ДК Жусупбекова (Жусупбекова Аида Кенесбековна)
286	700326302213	331017821943	ДК Исмаилов (Исмаилов Канжар Бахвадинович)
287	901013300478	330120643003	ДК «Аманат» (Кошекеев Жандос Бакытович)
288	710808402965	331012290478	ДК «Барыс» (Абдрахманова Айгуль Рустемовна)
289	810525301041	330120142735	«Оспанов» шаруа қожалығы (Абдалиұлы Ержан)
290	851206402953	330120383696	ДК Асия (Спицина Нина Сергеевна)
291	920619400380	330320133199	ДК «Алима» Тәжмағанбетова Әлима Жеңісқызы
292	170664026435	331011558357	«Идрисов Т» шаруа қожалығы (Идрисов Темирхан Серикович)
293	881016302800	330120707509	ДК «Ренат» (Елшибаев Ренат Рахметович)
294	070360030975	330120604497	Смагулов шаруа қожалығы (Смагулов Серикбай Ермагамбетович)
295	801225301903	330710191126	ДК Жаксыбалаев Бердалы Туребаевич
296	760831302408	331010246568	ДК Чагай (Чагай Александр Владимирович)
297	690505302925	331010455677	ДК Алимкулов Дарменкул Ахматкулович
298		331000045122	«Арман-2» ЖШС

Дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға

Дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар бойынша төмендегіні хабарлайды.

Бірыңғай жиынтық төлем (бұдан әрі қарай - БЖТ) кәсіпкер ретінде тіркелмей, бейресми түрде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар үшін 01.01.2019 жылдан бастап уақытша бес жылға енгізілген болатын.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған БЖТ қолдану мерзімі аяқталды.

Осыған байланысты, БЖТ төлейтін азаматтар 2024 жылдан бастап дара кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті екенін ескертеді.

Кәсіпкерлікті қолдау және салық төлеушілердің салық жүктемелерін азайту мақсатында мемлекет тарапынан ұдайы кәсіпкерлік субъектілері үшін тиімді салық салу режимдері енгізілді.

Атап айтқанда,

- Патент (1%),
- оңайлатылған декларация (3%),
- бөлшек сауда салығы (2%, 8%) түрлерінің ыңғайлысын таңдауына болады.

Сонымен қатар, салық режимін «E-salyk-Business» мобильді қосымшасы (1%) арқылы да таңдауға болады. Бұл ретте, әлеуметтік төлемдер автоматты түрде есептеледі және төленеді.

Бұл жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең төменгі айлық сомасы 17425 теңге болады (міндетті зейнетақы жарналары – 8500 теңге, әлеуметтік аударымдар – 2975 теңге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары – 5950 теңге).

Сонымен қатар, дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда ӘҚБтК 463-бабының 1-тармағына сәйкес 15 АЕК айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделгенін назарға алуыңызды сұрайды.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2024 жылдың 03 сәуір күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің 2023 жылғы атқарылған жұмыстарының қорытындысын бекіту туралы.
2. Серіктестіктің қатысушыларлары үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.
3. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 061 140 005 106)

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2024 жылдың 14 ақпанында қайтыс болған азамат Қошанов Қыдырбек Достанұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 7 наурызында қайтыс болған азаматша Сабирова Бағдағул Махсұтқызының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

ПРЕМЬЕРА

СЕЗІМ МЕН СЕНІМ

Сан қилы өнердің тоғысатын жері – театр. Ән мен бидің, қара сөз бен қимылдың үндесуі, кейде сахнадағы үнсіздіктің өзі адам жанының қатпарына бойлап, қойылым өмірге айналып кете барады. Сондықтан болар, антикалық кезеңнен пайда болған театр өнеріне деген көптің құрметі ерекше. Ал Уилл Роджерсше айтсақ, «Театр – кедейлер байларға жоғарыдан қарай алатын жалғыз орын». Демек театр – тек артистер мен көрерменнің арасындағы диалог қана емес, сыртқы бейне мен басылған әр қадамның өзі талғамды қажет ететін эстетика мен этикеттің көзге көрінер мекені.

Халықаралық театр күні аясында Қызылорда қалалық «Жастар театры» көрерменіне жаңа туындысын тарту етті. Жас драматург Нұрдәулет Баймаханның «Сезімді қайтейін?..» атты музыкалық-лирикалық қойылымында қос ғашықтың баянсыз махаббатына құрылған музыкалық және поэзиялық диалогтар қатар үйлесім тапқан. Мектеп бітіру кешіндегі түлектердің түрлі арман-тілектерімен басталған қойылым Америкаға оқуға кеткен Аружан есімді қыздың сезімге адалдығымен, ол сүйген Аянның тағдыр жолындағы шешімдерімен шиеленісе түсіп, көрерменнің көкейіне сауал тастайды.

Қойылымның қонақтары Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық-драма театрының басшысы Мұхтар Ниязов, қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов театр ұжымына, шығармашылық топқа жылы лебіздерін білдірді. Қалың көрерменнің театр ұжымына қошеметі спектакльдің қаншалықты жоғары деңгейде өткенін сездіріп-ақ тұрғандай.

– Бұл – «Жастар театры» ұжымының төл мерекеге тартуы. Жас драматург Нұрдәулет Баймаханның кезекті туындысын тамашалауға асығып келдім. Жас драматург деп айтуға негіз бар, 2 инсценировкасы, 3 қойылымы Сыр сахналарында қойылған жаңашыл бағытты ұстанған Нұрдәулеттің ізденісі мол. «ҰБТ кілті», «Оң қол», «Ғашық Мұқағали», «Сезімді қайтейін?..» және жуырда премьерасы өтетін «Үйлену оңай…» пьесаларының авторы.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын «ҰБТ кілтіне» инсценировка жасағанда біраз арман-мақсатын бір пьесаға үйіп-төгіп әкелген болатын. Кейін негізгі тақырыпты ашуға жұмыс жасадық. Көрерменнің қабылдауына жеңіл, бүгінгі жастардың шынайы өмір көріністерін, арманын, талғамын ашық суреттейтін пьеса жазып, сахнаға ұсыну мақсаты болатын. Міне, сол мақсаты орындалыпты. Жалынды жастардың ойыны, шығармашылық жұмысы автордың түпкі мақсатын одан сайын айқындай түскен. Жаңа қойылым, жаңа тыныс, жаңа белес құтты болсын! – дейді Ұлболсын Қылышбаева.

Жеті-сегіз жыл көлемінде қалалық мәдениет бөлімі жанындағы үйірме болып жұмыс істеп, биыл ресми театр ретінде ту көтерген шығармашылық ұжым алғашқы қадамымен-ақ қарымын байқатқандай.

– Биыл ресми театр, яғни, Қазақстандағы 67-театр ретінде жұмысымызға кірістік. Жыл басынан бері шама-шарқымыз келгенше көрерменге жастардың үнін жеткізудеміз. Ал ресми ашылуды мамыр айына жоспарлап отырмыз. Тұсаукесер рәсімін жасап, жаңа қойылым ұсыну жоспарда бар. Оған дейін құр қарап отырмайық деп, жылдың басында Төлен Әбдіктің «Оң қол» деген әйгілі шығармасын сахналадық. Бұл спектакль көрерменнің жоғары сұранысына ие болды.

Кәсіби театр ретінде биыл бірінші рет кәсіби мерекені тойладық. Осыған орай Нұрдәулет Баймаханның «Сезімді қайтейін?...» атты музыкалық лирикалық қойылымы көрерменге ұсынылды. Қазіргі уақытта көрермен асыға күтіп, өз аяғымен баратын екі жер бар. Оның біріншісі кино болса, екіншісі – театр. Міне, бұл – көрерменнің рухани қажеттілігінен туындаған сұраныс, – деді қалалық «Жастар театрының» директоры Нұрмат Мансұр.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

ҚҰСТАР, ҚҰСТАР СЫЗЫЛТЫП ӘН САЛАДЫ...

Фото: Ашық дерекқоздан.

Адамзат баласы табиғатпен тікелей байланыста. Табиғат-ана дейтініміз де содан. Алайда ашкөздігі мен санасын билеген тұрмыстың салдарынан тіршілік иелеріне түрлі зиян келтіретін де – адам. Қоршаған орта мен тіршілік иелерін қорғау – алты жасар баладан алпыстағы қартқа дейін әрбір адамға парыз. 1 сәуір – Халықаралық құстарды қорғау күніне орай өңірдегі құстар жайында сөз өрбітейік.

– Құстардың адам өміріндегі, табиғаттағы ерекшелігі мен қасиеттерін білген адамзат 1868 жылы Австрияның Венасында алғаш рет құстарды қорғау туралы ресми шешім қабылдаған. Халықаралық «Қызыл кітапқа» құстардың 209 түрі мен 83 түр тармағы енсе, елімізде 56 түрі енгізілген.

Сырдың сол жағалауындағы тың жерлердің ауыл шаруашылығына игерілуі, Жаңақорған, Қызылорда, Қазалы массивтерінің пайда болуы көптеген түз жануарының өміріндегі биологиялық ырғақты бұзды. Суды ауыл шаруашылығында есепсіз пайдалану тапшылыққа әкеп тіреді. Көптеген тоғай кесіліп, өртеніп, ондағы құстар, жан-жануарлар мекенін солтүстікке, «Қызылқұмға» қарай жылжытуға мәжбүр болды. Әсіресе, су құстары айдындардың тартылуына байланысты Ақтөбе облысына, Торғай өңіріне қарай қоныстана бастады. Өңірдің жануарлар әлемі жұтаңдап кетті, олардың көбісі қорғауды, көбейтуді қажет етеді. Тіпті біразы Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілді. Соның ішінде құстардан алакөз сүңгуір, жыланжегіш қыран, дала қыраны, қарақұс, бүркіт, аққұйрықты субүркіт, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, ақбауыр бұлдырық, қылқұйрық бұлдырық, қоңыр кептер, үкі, қызғылт бірқазан, бұйра бірқазан, сары құтан, кіші аққұтан, қалбағай, қарабай, қара ләйлек, сұңқылдақ аққу, дуадақ, ителгі, ақтырна, ақбастырна аталған тізімге енген.

1997-2005, 2007-2014 жылдар аралығында жүргізілген бақылау бойынша Сырдарияның жағалауындағы және төменгі ағысындағы су айдындарында бұл өңірде сирек кездесетін құстар тіркелді. Олардың қатарында бірқазан, су құзғыны, құтан (ақ, сары), безгелдек, дуадақ бар. Ал қызғылт бірқазан, кіші аққұтан, сары құтан, мәрмәр шүрегей 80-жылдары ғана Қамыстыбас, Бөген, Телікөл көлдерінде кездескен болса, қазір бұлар туралы ешқандай мәлімет жоқ. Тарихи күнделікке көз жүгіртсек, жалбағай соңғы рет 1986 жылы «Телікөл-Шиелі» каналдарының бойынан тіркелген. 1982 жылы Сарысу өзенінің төменгі ағысында «Злиха» метостанциясы маңында ләйлек құсы кездескен. Ол – өңірге таңсық құс, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, географ-эколог ғалым Оразхан Айдаров.

Айта кетейік, облыс аумағында аң-құстың санағын жүргізіп отыратын 11 аңшылық шаруашылық пен 3 қорғалымды аумақ жұмыс істейді. Қанаттылардың қатарында субүркіт те соңғы 20 жыл ішінде сиреп кеткен. Ал дуадақ болса, шөл және шөлейт жердің өте сирек кездесетін құсына жатады. Жорға дуадақ Қаратау мен Сырдария аралығындағы жазықта, Қызылқұмда аздап кездеседі екен. 1989 жылы Қызылқұмда жорға дуадақтың көп екені анықталса, қазір өте сирек. Кейінгі жылдары Аралдың құрғап кетуіне байланысты жануарлар мен құстар мекенін солтүстікке, Торғай даласына қарай өзгертуде.

– Өңірде құстардың түрлері 319-дан 168-ге дейін азайды. Ұялайтын жерлердің азаюына байланысты Сырдария тұсында 38 түрі ғана қалған деген мәлімет те бар. Олардың өзі қорғауды қажет етеді. Көктем – құстардың ұя салып, жұмыртқалайтын кезі. Осы кезде оларды атуға тыйым салынады. Бірақ құсты қорғауда онымен ғана шектеліп қалмауымыз керек. Олардың тыныштығын бұзбауды да ойластыру қажет. Өйткені күн жылысымен тоғай іші мен дария жағасындағы алқаптарда бау-бақшалыққа жер ашу жұмыстары басталады. Адамдардың іс-әрекетінің салдарынан тоғай ағаштары кесіледі, өрт болады. Міне, осыны қатаң бақылауға алу қажет, – дейді ғалым.

Ата-бабаларымыз ауа райын құстар арқылы ажырата білген. Тіпті табиғат апаттарын алдын ала ескертетін де құстар екен… Мұның сыры, тіршілік иесін қорғау идеяларының туындауы – қазақ халқының әлімсақтан, өте ертеден табиғатпен етене байланысып келуінде. Асан қайғы бабамыз Сыр бойына келгенде «Е, Сыр жағаң жар екен, әр бұтаның түбінде бір асым етің бар екен» деген екен. Сыр бойы тоғайының, өзен-көлінің аң-құсқа бай екенін осы суреттеуден-ақ көруге болады.

Қыста торғайлар ұясына мамық тасыса, күн кенеттен қатты суып кетеді. Қыстығүні әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз басталады. Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса, аяз болады. Аязды күні қанатын желпінсе, аяз басылады, құстардың ерте келгені, көктемнің жылы болғаны, ұясын күн беткейге салса, жаз салқын болады, күзде төмен ұшса, қыс суық, жоғары ұшса, жылы болады. Құр, шіл қардың астына тығылса, ұзамай боран басталады деген болжам бар. Қырғауыл мазасызданып, қатты айқайласа, жер сілкінетін көрінеді. Қыста қаздар қаңқылдаса, күн жылиды, аяғын бауырына тығып жатса, суытады немесе боран ұйтқиды.

– Еліміздің оңтүстік астанасында жер сілкінісінің белгілері байқалғанын білеміз. Осы жер сілкіну нышандарын аң-құстардың мына мінездерінен аңғаруға болады. Жер сілкінетін кезде құстар қым-қиғаш ұшып-қонып, улап-шулап дәйексізденеді. Құмырсқа илеуінен безеді, ит қыңсылап, кейде мезгілсіз ұлып мазасызданады, мысық жер тырналап, мияулап үйден қашып шығуға тырысады. Жылан топтанып өзге жаққа көшеді, кесіртке өз мекенінен жедел қоныс аударады, атжалман мен тышқан інін тастап, топ-топ жиналып әбігерге түседі. Ерсілі-қарсылы жүгіріп, кейде өзара таласады, жылқы оқыранып, сиыр мөңіреп, қой маңырап, шошқа мен үй қояны безек қағып, тыным таппайды. Демек Табиғат-анамен түсінісетін құстардың өз тілі бар, – дейді эколог.

Дина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

1 СӘУІР – КҮЛКІ КҮНІ

Фото: Ашық дерекқоздан.

Күлкі туралы айтайын ба?

Күлкі күні дей ме? Күлкі туралы айтайын ба? Айтпақшы, бұл сұрақ та емес, тақырып та емес, күлсеңіз күле беріңіз.

Күлкі – дәрі. Айналаңыздағыларға көңіл-күй мен күлкі сыйлай алсаңыз, онда сөз жоқ, сіз ұнамды, пайдалы адамсыз. «Күлсең басқалар да саған қосыла күледі, ал, жыласаң ешкім де саған еріп жыламайды». Бір данышпан осылай депті-міс. Бірақ бұған данышпандықтың керегі не, басымыздан өткен іс. Бәлкім, бұл менің өз сөзім шығар.

Жаратушының пендесіне берген ең үлкен нығыметтерінің бірі – күлкі. Жылағанда адамның әлпеті әбіржіп, күлгенде құлпырып кететінін бәріміз де білеміз.

Баяғыда Баяу деген хан елім тыныш, бай өмір сүрсін деп, қалың қолмен көрші елдерді жаулауға аттаныпты.

Осы өңірде ешкім алдын кеспеген, сөзін аттамаған, әлдекім ренжітпеген асыл, абыз қария бар еді. Хан аттанарда содан бата сұрапты. Сонда абыз ата: «Тыныштық орнатам деп соғыс ашпақсың ба?» депті ренжіп. Қатесін түсінген Баяу: «Ісімнің қателігін білдім, өзіме жаза кестім. Ол жазам – өмірбойы күлмеймін» деп ант етіпті. Содан ол Күлмесхан атаныпты. Күлмеген адамнан күй таяды екен, ақырында екі көзі суқараңғы соқыр болып қалыпты.

Міне, күлкінің мәнісі қайда жатыр.

Күлкіні зерттейтін арнайы ғылым бар, оны гелотология дейді екен. Адам күлгенде терең тыныс алады. Сонда өкпе көтеріліп-басылып, «тазаланады», қан айналымы жақсара түседі. Күнделікті он бес минут күлген адамның хәлі аптасына үш рет отыз минуттық жаттығу жасағанмен тең. Түсініктірек қылып айтайық, бес минуттық риясыз күлкі жасыл бақ ішінде жарты сағат дем алғандай. Осының бәрін өзім білгендей айтып отырмын, оны гелотология айтады.

Саудада тұрып ашулануға, келушімен келіспеушілік жасауға болмайды. Ондай адамдардың саудасы жүрмейді. Ал күліп тұратын қызмет көрсетушінің түсетін табысы көп. Мысалы, даяшыны алайық, күліп жүретін даяшыдан кез келген клиент ұсақ ақшасын қайтаруды сұрамайды.

Күліп жүру үшін әзіл айта білу, ал әзіл айта білу үшін көп білу керек. Көп білгеніңді көп айтып жүрмесең де ол түрленбейді, ұмыта бастайсың. Біз кейде баланы «тұйық», «момын», «көп сөйлемейді» деп мақтаймыз. Бұл мақтанатын мінез емес.

Қазақ «аузында әзілі жоқтың, қойнында шоқпары болады» дегенді бекер айтпаған.

Бала деп қалдық. Балалар үлкендерге қарағанда жиырма есе көп күледі. Жылап тұрып күле салатын бала ғана. Ондай құдірет ересектердің қолынан келмейді.

Баланы күлдіру үшін бейнелі сөйлеп, жасырып жеткізіп әуреге түспейсің. Оларға аузыңды қисайтып, ерніңді дүрдитсең болды, оның бұлттан шыққан күндей жарқ ете қалуына сол да жетеді.

Бейнелі дедік пе, баяғыда аталарымыз бейнелі сөйлеген ғой.

Бір атамыз алыс туысының үйіне қона жатып келген әйелінен: «Ол үйдегінің екі пышағы бар ма екен, үш белгісі бар ма екен?» деп сұрапты. Бұл сөзді еріксіз естіп отырса да балалары түсінбейді. Өйткені, қазақ ұғымында үлкен адамдардың бала көзінше біреудің мінін айтуы – теріс тәрбие. Бұрынғы адамдардың астарлап сөйлеуге қалыптасуының өзінде осындай сырлар бар.

Осы оқиғаны індетпей-ақ, бейнелі сөз мәнін ашайық.

Жаман әйелдің екі пышағы болады, біреуімен нанын турайды, екіншісімен күйеуінің жанын турайды дейді. Ал жақсы әйелдің үш белгісі болады, жүзінде күлкі тұрады, қолында нан жаятын оқтау, ашуланса тілінде тоқтау болады дейді. Бұл «дейділерді» өзіңіз дегізіп аларсыз.

Біз бүгін біреуді күлдірейік деп әзіл іздемедік, шамалы мақал түгендегеніміз рас. «Біреу көріп күледі, біреу еріп күледі», «Көбікті қарда түлкі ойнар, көңілді көзде күлкі ойнар», «Ит десең ашуланып, күшік десең күледі», «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра». Қандай ғажап қазақ нақылы?!

Негізі «күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім» деген қазақ күлкі мәселесіне мейлінше немқұрайы қарамаған. Соны айтқанымыз ғой...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22999 Тапсырыс №494 Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**